**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 мамырда № 38810 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне олардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының сегізінші, тоғызыншы, жиырма бесінші, жиырма алтыншы абзацтарын, Тізбенің 2-тармағының екінші, үшінші, бесінші , алтыншы, отыз төртінші, отыз бесінші абзацтарын, Тізбенің 3-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, жиырма екінші, жиырма үшінші абзацтарын, Тізбенің 4-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жиырма екінші, жиырма үшінші абзацтарын, Тізбенің 5-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, отыз екінші, отыз үшінші абзацтарын қоспағанда 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы*<br>*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* | *А. Ертаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 26 мамырдағы
№ 192 Бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің және әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 32897 болып енгізілді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларында:

2-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай цифрлық жүйе – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған цифрлық объектісі;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) "Цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

23-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әрбір қатысушысы бойынша жиынтық төлем тапсырмасында тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); жеке

сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН); әлеуметтік аударым сомасы; әлеуметтік аударым төленетін кезең (ай, жыл) көрсетіледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Мемлекеттік корпорация міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың ЖСН базасында әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесінде әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды дербестендірілген есепке алуды жүзеге асырады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік кірістер органы төлеушіде әлеуметтік аударымдар бойынша берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен астам мөлшердегі берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.

Хабарлама төлеушінің жеке өзіне қолын қойғызып немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етіледі. Бұл ретте, төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама төлеушіге мынадай жағдайларда табыс етілді деп есептеледі:

1) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде – төлеуші пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына белгі қойған күннен бастап;

Бұл ретте, пошта немесе өзге де байланыс ұйымы мұндай хабарламаны пошта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізеді.

Мемлекеттік кірістер органдары төлеушіге хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберген хабарламаны осы тармақта көзделген пошта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған жағдайда осы Салық кодексінде белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен куәгерлерді тарта отырып, салықтық тексеру жүргізілген күн осындай хабарлама табыс етілген күн болып табылады.

2) электрондық тәсілмен жіберілгенде:

салық төлеушінің электрондық салық қызметтерін алуына және оның салық міндеттемелерін орындауына арналған мемлекеттік кірістер органының дербестендірілген және рұқсатсыз кіруден қорғалған интернет-ресурсына хабарламаны жеткізген күннен бастап.

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеушіге қолданылады;

порталдағы пайдаланушының жеке кабинетіне хабарламаны жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл порталда тіркелген төлеушіге қолданылады;

3) Мемлекеттік корпорация арқылы – келу тәртібімен оны алған күннен бастап жүзеге асырылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асырудың қағидалары мен жағдайларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асырудың қағидалары мен жағдайлары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабы 5) тармақшасының он бесінші абзацына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң ) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асырудың тәртібі мен жағдайларын айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе ) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті мемлекеттік орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкіметтің" операторын, Бірыңғай байланыс орталығын және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау және қадағалау бойынша ведомствоны енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.";

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай цифрлық жүйе (бұдан әрі – Еңбекминнің ЦЖ) – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған цифрлық объект;";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Еңбек ресурстарын дамыту орталығы (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік органның жанынан құрылатын, еңбек нарығын ақпараттық-талдамалық жағынан сүйемелдеуді, жұмыспен

қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, жұмыспен қамту қызметтерін әдіснамалық жағынан қолдауды, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесін дамыту мен қолдап отыруды қамтамасыз ететін заңды тұлға;";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) электрондық өтініш – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы түсетін электрондық құжат нысанындағы артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруға арналған өтініш;";

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;";

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) "цифрлық үкімет" операторы (бұдан әрі – оператор) – өзіне бекітілген " цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға.";

8-тармақта:

2) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөмірін көрсете отырып, Еңбекминінің ЦЖ электрондық өтінімін қалыптастырады. Төлеушінің банктік деректемелері өзгерген кезде Мемлекеттік корпорация электрондық өтінімде көрсетілетін қызметті алушының өтініші және банктік деректемелердің өзгергенін растайтын қоса берілген құжаттар негізінде тиісті өзгерістер енгізеді;";

2) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбекминінің ЦЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтініште көрсетілген ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөміріне Short Message Service (Шорт мэсседж сервис) беру арқылы хабарламаны (бұдан әрі – sms-хабарландыру), осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш пен құжаттарды порталда қабылдау туралы хабарламаны және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша порталда электрондық өтінішті қарау мәртебесі туралы хабарлама жібереді.";

9-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Портал көрсетілген адамдар артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруға келіскен кезде оған артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды аудару қажет көрсетілетін қызметті алушының деректемелерін қоса беріп отырып, қызметті алушының ЭЦҚ арқылы куәландырылған электрондық өтінішті автоматты түрде қалыптастырады және оларды Еңбекминінің ЦЖ-ға жібереді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Портал арқылы келіп түскен құжаттары бар электрондық өтініш мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінде мынадай параметрлер бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушы порталда көрсеткен төлеушінің деректемелерінің әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және ( немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдар төленген төлем тапсырмасының деректемелерімен сәйкестігіне;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, оның филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу және (немесе) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы мәліметтердің жарамдылығына (заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорлық қатынастарына алып келетін заңды тұлғаның құқықтық жағдайын тоқтату немесе өзге де өзгерту) тексеруден өтеді;

3) мәні жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғаның әлеуметтік аударымдарды және (немесе) уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруға келісімінің болуы.

Порталда тексеру нәтижесі оң болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтініші мен құжаттары Еңбекмині ЦЖ-ға келіп түседі.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген кезде портал көрсетілетін қызметті алушыға электрондық өтініштің қабылданбағаны туралы хабарламаны оның " жеке кабинетіне" жолдайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Еңбекминнің ЦЖ келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтініштері мен құжаттары бойынша Мемлекеттік корпорация электрондық өтініш түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) электрондық өтініште көрсетілген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдардың түсу фактісіне;

2) қарауда тұрған не ол бойынша артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару жүзеге асырылған қызмет көрсетуге бұрын берілген өтініштің болуына;

3) әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару үшін төлеушінің банктік деректемелерінің жарамдылығына;

4) негізгі талаптар тізбесінде көзделген ұсынылған құжаттар бойынша әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару себептерінің анықтығына;

5) Кодекстің 78-бабы 4-тармағына, 85-бабы 4-тармағына, 118-бабы 4-тармағына, 181-бабы 2-тармағына, 240-бабы 3-тармағына сәйкес, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде ескерілмеген әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын қоспағанда, әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ескерілген кезең үшін есептелген артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларының болуына;

6) төлеушінің байланыс деректерінің болуына тексеру жүргізеді.

Осы тармақта көзделген тексерудің оң нәтижесі болған кезде Мемлекеттік корпорация:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қызмет көрсетуге арналған электрондық өтінішті артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруға арналған өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркейді;

көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөмірі туралы порталдан автоматты режимде көрсетілген мәліметтермен, Еңбекминнің ЦЖ-да электрондық өтінімді қалыптастырады. Электрондық өтінімде төлеушінің банктік деректемелері өзгерген кезде көрсетілетін қызметті алушының өтініші және банктік деректемелердің өзгергенін растайтын қоса берілген құжаттар негізінде тиісті өзгерістер енгізеді;

көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қоса бере отырып, Қорға электрондық өтінімді жібереді;

Еңбекминнің ЦЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" және көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөміріне sms-хабарлама арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтінішті тіркеу туралы және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қызметке өтінішті қарау мәртебесі туралы хабарлама жібереді.

Осы тармақта көзделген тексерудің теріс нәтижесі болған кезде Мемлекеттік корпорация:

көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен құжаттарын қабылдамайды;

себебін көрсете отырып, Еңбекминнің ЦЖ арқылы порталдағы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" және көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөміріне sms-хаюарландыру арқылы хабарлама жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтарудан, егер:

көрсетілетін қызметті алушының өтінішінде көрсетілген әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар сомалары Кодекстің 245-бабының 1-тармағына және 2-тармағының төртінші абзацына, 256-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Қорға міндетті түрде төленуге жатса;

Кодекстің 78-бабы 4-тармағына, 85-бабы 4-тармағына, 118-бабы 4-тармағына, 181-бабы 2-тармағына, 240-бабы 3-тармағына сәйкес, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде ескерілмеген әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын қоспағанда, әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ескерілген кезең үшін есептелген артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары;

құжаттар осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген жағдайларды растамайтын болса бас тартылады.

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, бала күтіміне әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін қабылданатын кезеңге келетін әлеуметтік аударымдар Қорға құқық пайда болған күннен және (немесе) оларды тағайындауға өтініш берілген күннен кейін келіп түскен, бірақ тиісті әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуде (айқындауда) ескерілмеген.

Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтарудан бас тартқан кезде Қор қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Еңбекминінің ЦЖ арқылы артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтарудан бас тарту туралы алдын ала хабарлама (бұдан әрі – алдын ала бас тарту) жібереді.

Алдын ала бас тарту туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде Еңбекминің ЦЖ:

портал арқылы – порталдағы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" және өтініште көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөміріне sms-хабарландыру арқылы;

Мемлекеттік корпорация арқылы – көрсетілетін қызметті алушының өтініште көрсетілген ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөміріне sms-хабарландыру арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала бас тарту бойынша қарсылықтарын Қор оны көрсетілетін қызметті алушыға жіберген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Бұл ретте, егер белгіленген мерзімде көрсетілетін қызметті алушы қарсылық білдірмесе және жеткізбесе, бұл алдын ала бас тартуға қарсылықтың болмауына тең.

Көрсетілетін қызметті алушы алдын ала бас тарту бойынша қарсылығын берген немесе білдірген кезде Қор Еңбекминінің ЦЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыға тыңдауды өткізу уақыты мен тәсілі туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының ауызша нысанда берілген қарсылығы тыңдау хаттамасына енгізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Қордың лауазымды адамы ЭЦҚ арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару (қайтарудан бас тарту) туралы хабарламаға қол қояды.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде қабылданған өтініштер бойынша Еңбекминнің ЦЖ көрсетілетін қызметті алушыны Қор қол қойған артық (қате ) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару (қайтарудан бас тарту) туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушыны sms-хабарландыру арқылы хабардар етеді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Sms-хабарландырулар Еңбекминнің ЦЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар туралы sms-хабарландырулар журналында автоматты түрде тіркеледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде Еңбекминнің ЦЖ-да Қордың лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылатын осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару (қайтарудан бас тарту) туралы электрондық хабарлама қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" және

порталға өтiнiште көрсетiлген көрсетiлетiн қызметтi алушының ұялы байланысының абоненттiк құрылғысының нөмiрiне sms-хабарлама арқылы жiберiледi.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Мемлекеттiк корпорация Еңбекминнiң ЦЖ мiндеттi әлеуметтiк сақтандыру жүйесiне қатысушылардың әлеуметтiк аударымдарды және (немесе) әлеуметтiк аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегенi үшiн өсiмпұлдардың қайтарылған сомалары бойынша деректердi өзектiлендiредi.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Орталық Еңбекминiнiң ЦЖ олардың мақсатына сәйкес үздiксiз жұмыс iстеуiн және өзектiлендiрiлуiн қамтамасыз етуге бағытталған iс-шаралар кешенiн қамтамасыз етедi. Орталық берiлетiн деректердiң толықтығын, дұрыстығын, өзектiлiгiн және уақтылығын қамтамасыз етедi.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкiлеттi орган белгiлеген тәртiппен Қор Еңбекминнiң ЦЖ арқылы мемлекеттiк қызметтер көрсету мониторингiнiң цифрлық жүйесiне қызмет көрсету сатысы туралы деректердi енгiзудi қамтамасыз етедi.";

көрсетiлген Қағидалардың 1-қосымшасы осы тiзбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетiлген Қағидалардың 1-2-қосымшасы осы тiзбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетiлген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тiзбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетiлген Қағидалардың 4-қосымшасы осы тiзбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетiлген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тiзбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетiлген бұйрықпен бекiтiлген Мiндеттi әлеуметтiк сақтандыру жүйесiне қатысушыға әлеуметтiк аударымдардың жай-күйi мен қозғалысы туралы ақпарат беру қағидаларында:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтiк-еңбек саласындағы бiрыңғай цифрлық жүйе – уәкiлеттi мемлекеттiк органның, халықты әлеуметтiк қорғау және жұмыспен қамту мәселелерi жөнiндегi жергiлiктi атқарушы органдардың, еңбек мобильдiлiгi орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметiн автоматтандыруға және әлеуметтiк-еңбек саласында халыққа мемлекеттiк қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара iс-қимылға арналған цифрландыру объектiсi;";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының автоматтандырылған цифрлық жүйесі – Қор активтерін есепке алуды жүзеге асыру, сондай-ақ ақпараттың сақталуы мен санкцияланбаған қол жеткізуден қорғалуын қамтамасыз ету үшін бағдарламалық қамтылым;";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өтінішті қабылдау кезінде:

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесіне міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы туралы деректердің болуына сұрау салуды қалыптастырады және өтінішті тіркейді;

Қордың қызметкері Қордың автоматтандырылған цифрлық жүйесінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы туралы деректердің болуына сұрау салуды қалыптастырады және өтінішті тіркейді.

Сұрау салуды өңдеу әлеуметтік-еңбек саласының тиісті бірыңғай цифрлық жүйесінде және Қордың автоматтандырылған цифрлық жүйесінде 10 минут ішінде жүзеге асырылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Портал арқылы әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат алу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы:

1) ЭЦҚ немесе бір реттік пароль арқылы порталда авторизациялануды жүргізеді;

2) Мемлекеттік корпорацияның цифрлық жүйесіне сұрау салуды жүзеге асырады;

3) ЭЦҚ арқылы қызмет алу үшін сұрау салуды куәландырады (оған қол қояды).

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы портал арқылы өтініш берген кезде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының "жеке кабинетіне" сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты алу уақыты мен күнін көрсете отырып, хабарлама жіберіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесі:

олардың тағайындалуына сәйкес цифрлық жүйелердің үздіксіз қызмет етуін және өзектілендірілуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін;

берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігін және уақтылылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының бірыңғай тасымалдау ортасы арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығы берген ЭЦҚ қолдана отырып жүзеге асырылады. Ақпарат алмасу кезіндегі ақпаратты қорғау мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған тасымалдау ортасы есебінен де, техникалық және ұйымдастыру сипатындағы шаралар есебінен де қамтамасыз етілуге тиіс.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Төлеушілерге әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай цифрлық жүйе – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған цифрлық объектісі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтінімді алған кезде Мемлекеттік корпорация әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесіне төлеуші туралы деректердің болуына сұрау салуды қалыптастырады және өтінімді тіркейді.";

2. "Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 237 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32881 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 114-бабының 4-тармағына, " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта

қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 114-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу ( айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті мемлекеттік орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде" "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкімет" операторын, Бірыңғай байланыс орталығы мен міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау және қадағалау ведомствосын енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.";

2-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – уәкілетті мемлекеттік органның "Зейнетақы төлемдерін және жәрдемақыларды электрондық тағайындау" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;";

8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1) екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері – цифрлық ресурстар, бағдарламалық жасақтамалар, интернет-ресурс және екінші деңгейлі банктердің цифрлық инфрақұрылымын;";

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) отбасының цифрлық картасы – "цифрлық үкіметтің" цифрлық платформасында іске асырылған, отбасылардың (адамдардың) тізімдерін олардың әлеуметтік саламаттылығының деңгейі бойынша қалыптастыруға және сегменттеуге мүмкіндік беретін талдамалық шешім;";

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) цифрлық құжаттар сервисі – "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және цифрландыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;";

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) Электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі – ЭЕБ порталы) – Кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуге жәрдемдесуді, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін, жұмыс

іздеушілер мен жұмыс берушілерге арналған жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасын білдіретін цифрландыру объектісі;";

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) "цифрық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;";

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭІМ) – "Е-макет" АЦЖ-да автоматты режимде немесе Мемлекеттік корпорацияда қалыптастырылатын әлеуметтік төлемді алушының электрондық іс макеті.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кодекстің 113-бабына сәйкес әлеуметтік төлем алуға құқығы бар адамдар Қорға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен, 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал, ЭЕБ порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтінішпен:

жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған кезде жеке басын куәландыратын құжатпен, не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатпен ( сәйкестендіру үшін) (қандас мәртебесі бар адам әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш білдірген жағдайда қандас куәлігі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатпен (сәйкестендіру үшін)) Мемлекеттік корпорацияға;

адамды жұмыссыз ретінде тіркеу және "бір өтініш" қағидаты бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш жасау кезінде мансап орталығына;

жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған жағдайда порталға;

көрсетілген порталда жұмыссыз ретінде тіркелген кезде ЭЕБ порталға;

жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған жағдайда екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы жүгінеді.

Проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем тағайындау кезінде өтініш беру талап етілмейді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Негізгі талаптардың тізбесі "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті цифрлық жүйелерге (бұдан әрі – ЦЖ):

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша;

екінші деңгейдегі банктердің ЦЖ-ға банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер бойынша;

Еңбек нарығы" ЦЖ-ға жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның өтініш берушіні жұмыссыз ретінде тіркеу және (немесе) есептен шығару туралы анықтамасы бойынша сұрау салулар қалыптастырады.

ЦЖ-дан алынған мәліметтер өтінішке қоса беріледі.

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді қоспағанда, тиісті құжаттар өтінішке қоса беріледі.

Құжаттардың көшірмелері "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайларды қоспағанда, құжаттар түпнұсқада ұсынылады, маман сканерлейді және өтініш берушіге қайтарылады.

Өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы әлеуметтік төлем тағайындау үшін ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

8-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-дан әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оны тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактісін растайтын мәліметтерді алу";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ЦЖ-дан алынған мәліметтермен расталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) тағайындау үшін қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мансап орталығы арқылы әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген кезде оның өтінішті қабылдайтын маманы "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" АЦЖ-да тексеру жүргізу үшін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мынадай параметрлер бойынша сұрау салуды қалыптастырады:

1) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік тәуекел туындаған айдың алдындағы соңғы жиырма төрт айда әлеуметтік аударымдардың төленбеуі;

2) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының Кодекске сәйкес айқындалған жүйеге қатысу өтілінің алты айдан кем болуы.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген параметрлер расталмаса, өтінішті қабылдайтын мансап орталығының маманы осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тәртіппен ЦЖ-да сұрау салулар қалыптастырады.

ЦЖ-дан мәліметтер алған және (немесе) ЦЖ-ғы мәліметтері сәйкес келмеген ( болмаған) кезде өтініш беруші құжаттарды ұсынған кезде мансап орталығының маманы өтініш берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес танысу үшін түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламаны береді, өтінішті қабылдайды және өтініш берушіге қабылдағаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талонын табыс етеді.

Өтініш берушінің түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен танысуын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш бланкісін толтыру кезінде өтініш беруші растайды.

Өтініштен, ЦЖ-дан алынған мәліметтерден және өтініш беруші құжаттарды ұсынған жағдайда, құжаттардың электрондық көшірмелерінен тұратын электрондық өтінім өтініш берушіден өтініш қабылданған күні Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелеріне (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері) жіберіледі.

Құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішті қабылдаған маманның ЭЦҚ-мен куәландырылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өтініш беруші әлеуметтік төлемді тағайындау үшін портал, ЭЕБ порталы арқылы жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес портал, ЭЕБ порталы арқылы әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді, сондай-ақ танысу үшін түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламаны өтініш беруші тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Бұл ретте, өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді, оның ішінде түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен танысуды куәландырады және оны "Е-макет" АЦЖ-ға жібереді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Портал, ЭЕБ порталы арқылы келіп түскен электрондық өтініш әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ұсынылған мәліметтермен қоса мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-да мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

Көрсетілген параметрлер бойынша тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда " Е-макет" АЦЖ-да азаматтардың әлеуметтік төлем тағайындауға өтініштерін ( өтінімдерін) тіркейтін электрондық журналында өтініш автоматты түрде тіркеледі, кейіннен өтініш берушіге астана, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы Қор филиалы (бұдан әрі – Қор филиалы) директорының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Қор филиалының әлеуметтік төлем тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімінің жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЦЖ арқылы көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда портал , ЭЕБ порталы өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданбағаны туралы хабарлама береді.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Е-макет" АЦЖ арқылы автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттарды қабылдау (бұдан әрі – міндеттемелер), әлеуметтік төлемді алу мүмкіндігі туралы әлеуетті өтініш берушіге оның ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөміріне хабарлама жіберіледі.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Проактивті қызметті алуға келісімді растау және міндеттемелерді қабылдау үшін әлеуетті өтініш беруші "Е-макет" АЦЖ интеграциясы іске асырылған екінші деңгейдегі банктердің ұсынған тізімінен банктік шотты таңдайды және "Е-макет" АЦЖ ұсынатын сандардың комбинациясын теру арқылы жауап хабарлама жібереді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем алуға жүгінген кезде осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін "Е-макет" АЦЖ-дан мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-на сұрау салулар жіберіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Өтініш берушінің проактивті қызмет көрсетуге келісімін алғаннан кейін " Е-макет" АЦЖ-ға әлеуметтік төлем тағайындауға азаматтардың өтініштерін ( өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінімді автоматты түрде тіркеу жүргізіледі, содан кейін өтініш берушіге ұялы байланыс абоненттік құрылғысына әлеуметтік төлемге өтінімді қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Қор филиалының әлеуметтік төлем тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЭІМ-да тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, Қор филиалы әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.";

15-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1. Өтініш беруші екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш берген кезде өтініш беруші өтінішті автоматтандырылған режимде қалыптастыруға бастамашылық жасайды, ол осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттар туралы хабардар етіледі, сондай-ақ электрондық өтінішке қол қойылғанға дейін танысу үшін екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасында осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Е-макет" АЦЖ-ға қалыптастырылған келіп түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарлама алады.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш нысанында көзделген мәліметтерді, екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісі сұрау салу арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мәліметтерді алғаннан кейін екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісі әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, оны тағайындауға проактивті қызмет арқылы өтініш немесе келісім беру фактілерінің жоқтығы туралы, сондай-ақ өтініш берушінің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуы туралы мәліметтерді алуға "Е-макет" АЦЖ-ға сұрау салуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген фактілер болмаған және өтініш берушінің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуы туралы мәліметтер алынған кезде өтініш беруші танысатын және оған өз ЭЦҚ-мен қол қоятын мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтер негізінде электрондық өтініш қалыптастырылады.

Екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісі "Е-макет" АЦЖ-ға электрондық өтініш жіберуге бастамашылық жасайды, ол осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген ұсынылған мәліметтердің толықтығына тексеруден өтеді, тексеру аяқталғаннан кейін "Е-макет" АЦЖ-ға әлеуметтік төлемдерді тағайындауға азаматтардың өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінім автоматты түрде тіркеледі, одан кейін өтініш берушіге екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасына әлеуметтік төлемге өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да Қор филиалының әлеуметтік төлемді тағайындау туралы ЭІМ және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес шешім жобасы автоматты түрде қалыптастырылады және ол Қордың филиалына түседі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әлеуметтік төлемді тағайындау туралы түскен өтініштер, оның ішінде электрондық, өтініштер келіп түскен күні сол жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш келіп түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні:

Мемлекеттік корпорация, мансап орталығы арқылы жүгінген кезде – осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындауға азаматтардың өтініштерін тіркеудің және есепке алудың электрондық журналында;

портал, ЭЕБ порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері, сондай-ақ проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем алуға өтініш білдірген кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындауға азаматтардың өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.";

17-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, берілетін деректердің толықтығын, түпнұсқалылығын, дұрыстығын, бұрмаланбауын және уақтылығын ақпаратты беретін ЦЖ әкімшілері қамтамасыз етеді." ;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Қордың филиалы Мемлекеттік корпорациядан ЭІМ келіп түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде, сондай-ақ, өтініш беруші портал, ЭЕБ порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері, проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде ЭІМ-ін шешімнің жобасын қарайды және әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік төлемді тағайындаудан бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Қор филиалы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді, ал ЭІМ-да ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөмірі болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы жібереді.

Өтініш берушінің алдын ала шешімге қарсылығын оны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қордың филиалы қабылдайды.

Бұл ретте, егер белгіленген мерзімде өтініш беруші қарсылық білдірмесе және ауызша айтпаса, бұл алдын ала шешімге қарсылықтың болмауына тең болады.

Өтініш беруші алдын ала шешім бойынша қарсылық білдірген немесе ауызша айтқан жағдайда, Қор филиалы өтініш берушіге тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді.

ЦЖ-да ұялы телефон нөмірі болған кезде тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама өтініш берушіге оның ұялы телефонына "Е-макет" АЦЖ-дан хабарламаларды Short Message Service (Шорт месседж сервис) (бұдан әрі – sms-хабарлама) беру арқылы жолданады, ал ол болмаған жағдайда - Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы өтініш беруші жеке хабарландырылады.

Өтініш берушінің ауызша нысанда берілген қарсылығы тыңдау хаттамасына енгізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда Қордың филиалы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Қор филиалдарының әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеруі мынадай негіздердің бірі болған кезде жүзеге асырылады:

әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық түспеуі;

міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомалары бойынша әлеуметтік аударымдардың төленген сомаларының қызметкердің кірісіне және (немесе) жеке кәсіпкер мен жеке практикамен айналысатын адамның, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалық басшысының кірісіне сәйкес келмеуі;

құжаттардың және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

орналасқан жері мен қызметі әртүрлі өңірлерде (облыс/қала) тіркелген екі және одан да көп төлеушілерден бір кезең үшін әлеуметтік аударымдардың түсуі.

Құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеру мақсатында Қор филиалы төрт жұмыс күні ішінде, оның ішінде ЦЖ арқылы мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, төлеушіге, бірыңғай төлем төлеушіге, өтініш берушіге сұрау салулар жібереді.

Бұл ретте, әлеуметтік аударымдар түскен кірістің дұрыстығын тексеру мынадай:

міндетті зейнетақы жарналарын, медициналық әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарды аудару туралы және олардың Қорға аударылған әлеуметтік аударымдар, " Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің" ЦЖ жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық мөлшеріне сәйкестігі туралы;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" АЖ-дағы еңбек шарты туралы мәліметермен расталады.

Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде өтініш берушіден растайтын құжатты (құжаттарды) сұрату арқылы дара кәсіпкерлерден, шаруа немесе фермер қожалықтарынан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан әлеуметтік аударымдар түскен кірісті алу фактісін тексереді.

Растайтын құжаттарға мыналар жатады:

"Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысының (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ҰБ Басқармасының қаулысы) талаптарына сәйкес берілген жеке тұлғаның жалақы жобасы бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша айналымдары бар шоттан үзінді көшірме;

ҚР ҰБ Басқармасы қаулысының талаптарына сәйкес келетін дара кәсіпкердің, шаруа (фермер) қожалығы басшысының, жеке практикамен айналысатын адамдардың ақша қаражатының айналымы бар банктік шотынан үзінді көшірме, "Арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін арнаулы мобильді қосымшаны пайдалану қағидаларын және арнаулы мобильді қосымша чегінің мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қазандағы № 647 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37269 болып тіркелген) 2-қосымшаның талапталарына сәйкес арнайы мобильді қосымшаның чектері және (немесе) әлеуметтік төлемге құқық туындағанға дейін мемлекеттік кірістер органдарында тіркелген "Бақылау-касса машиналарын қолдануға байланысты кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 626 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37238 болып тіркелген) 1-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін бақылау-касса машинасының фискалдық белгісі бар чектер.

Ұсынылған растайтын құжаттар Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске сәйкес келуі тиіс;

"Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 2 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көзделген шығыс кассалық ордер және (немесе) қызметкердің жалақысын есептеудің төлем ведомосінің көшірмесі.

Бұл ретте, әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауда орын алған кідірістер және шешім қабылдау мерзімдерінің ұзартылуы туралы, бірақ ЭІМ тексеруге жіберілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге, өтініш берушіге Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жазбаша нысанда хабарлайды, ал портал, ЭЕБ порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы жүгінген кезде өтініш беруші "Е-макет" АЦЖ-мен осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарға тексеру жүргізу туралы электрондық хабарлама (бұдан әрі – құжаттарды тексеру туралы хабарлама) жіберу арқылы порталға, ЭЕБ порталына өтініш берушінің " жеке кабинетіне" хабарланады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордың филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды тексеру туралы хабарлама беру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Құжаттарды тексеру туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Бұл ретте Қор филиалының сұрау салуына мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, төлеушіден, бірыңғай төлемді төлеушілерден, өтініш берушілерден құжаттар және ( немесе) мәліметтер берілген кезде Қор филиалы оларды ЭІМ-не қосу үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді, ал мәліметтер мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-і мен "Е –макет" АЦЖ интеграциялануы арқылы келіп түскен кезде олар ЭІМ-ге автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның қатысуынсыз тіркеледі.

Мемлекеттік корпорация ЭІМ-ні ұсынылған құжаттармен және (немесе) мәліметтермен олар Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 21 және 24-тармақтарында көзделген, жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмаған, Қор филиалы осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеуші беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының ай сайынғы табысы туралы анықтама негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді;

әлеуметтік аударымдар жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдар, Қор филиалы нақты түскен әлеуметтік аударымдар негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы қолда бар мәліметтер бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу мән - жайлары сақталса және өтініш берушінің таңдауы бойынша бөлімшеге ұсынылатын өтініш берушінің келісімі негізінде Қор филиалы сақталса Осы Қағидаларға 16-нысан бойынша Мемлекеттік корпорация айларды (айды) есептемегенде әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуді жүргізеді, әлеуметтік аударымдардың сәйкессіздігі бар не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Егер әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажеттілігі анықталса, Қор филиалы ЭІМ-ді осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттілігі туралы хабардар ете отырып, Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне қайтарады.

талап етілетін құжаттың атауын;

әлеуметтік төлем мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде кірістерді және ( немесе) әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын растау қажет болған кезде – растауға қажет кезеңдерді (кезеңді);

әлеуметтік төлем мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмеген, оның ішінде олар болмаған және (немесе) оларды қайтару қажеттілігі болған кезде – сәйкестендіруге қажет кезеңдерді (кезеңді) көрсете отырып, қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі Қор филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлем тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттілігі туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Құжаттарды жете ресімдеу туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны алғаннан кейін өтініш берушіде сұрақтар болған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушімен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

ЭІМ-ға қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қор филиалы "Е-макет" АЦЖ арқылы ЭІМ-ны Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады. Бұл ретте, өтініш берушіге әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама, ал екінші деңгейдегі банктерді цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасының "жеке кабинетіне" – осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған қосымша құжаттармен ЭІМ толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Мемлекеттік корпорация, мансап орталығы арқылы өтініш берген кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіні Қор филиалы қабылдаған әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жөнінде :

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да ұялы телефонының нөмірі болған кезде sms-хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына жіберу арқылы хабардар етеді.

Әлеуметтік төлемге проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде Қор филиалының әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімі өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

Әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарламалар осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Өтініш беруші портал, ЭЕБ порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы жүгінген кезде Қор филиалы қабылдаған шешімнің қорытындысы бойынша "Е-макет" АЦЖ-да электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама қалыптастырылады, Қор филиалы басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады және порталға, ЭЕБ порталына, екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасына өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. ЦЖ-да әлеуметтік төлем алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) , туған күні өзгерген кезде ЭІМ-де өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.";

42-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ақпарат уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ арқылы Мемлекеттік корпорацияға беріледі.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер, оның ішінде ЦЖ-дан алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күнінен бастап қайта басталады;

Осы мақсатта Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі:

екінші деңгейдегі банктермен, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдармен, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымдар) тоқсан сайын алушының банк шоты бойынша үш және одан да көп ай шығыс операцияларының болмау фактісіне салыстырып тексеруді жүргізеді;

салыстырып тексеру қорытындысы бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлем алушыны телефон арқылы және (немесе) ЦЖ-да ұялы телефон нөмірі болған кезде оның ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы, алушыны хабарлама алған айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жеке өтініш жасау қажеттігі туралы хабардар етеді;

егер алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, алушы хабардар етілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрады;

2) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

3) өтініш берушінің жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәлімет, оның ішінде құқық қорғау органдарынан және (немесе) өзге де арнаулы органдардан олардың іс жүргізуінде істердің (материалдардың) бар екендігі туралы мәліметтер келіп түскен кезде.

Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта қарау оны тағайындаған күннен бастап осы Қағидаларға 19 және 20-тармақтарда көзделген тәртіппен және мерзімде қайта қаралады.

Қор филиалы жұмыссыздың субсидияланатын жұмыс орындарына қатысқаны үшін әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын қоспағанда, жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналары түскені туралы мәліметтер АЖ-дан келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік төлемді тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, маңсап орталығы бағыты бойынша кәсіптік оқыту.

45-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Әлеуметтік төлем осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген алушының өтініші бойынша әлеуметтік төлемді алуға құқық сақталған жағдайда әлеуметтік төлемді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың аяқталғанын

растайтын ЦЖ-дан алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде қайта басталады.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Қор филиалы мыналар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылдайды:

1) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЦЖ-дан мынадай мәліметтер келіп түскенде:

алушының қайтыс болғаны (соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енгені) туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем алушының қайтыс болған айын қоса алғанда (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген айды қоса алғанда) жүзеге асырылады;

мансап орталығында алушыны жұмыссыз ретінде есептен шығару туралы мәлімет. Бұл ретте, алушы жұмыссыз ретінде есептен шығарылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап әлеуметтік төлем тоқтатылады;

алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқаны туралы мәлімет. Бұл ретте, әлеуметтік төлем азаматтығын тоқтату туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

алушының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем дара кәсіпкер ретінде тіркелген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ЦЖ-мен белсенді еңбек шарты туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем еңбек шарты жасалған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

2) Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен мынадай жағдайларда әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім жобасы:

алушы әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынған жағдай. Бұл ретте, әлеуметтік төлем тағайындалған күнінен бастап тоқтатылады;

осы Қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша алушы әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш берген жағдай. Бұл ретте, әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шешімнің жобасын қалыптастырады және шешімнің жобасын әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылдау үшін Қордың филиалына жібереді.";

63-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымға Қорға аудару үшін төлемдерді Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ-дан алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кетуі туралы мәліметтерді) қоса бере отырып, хат ұсынады;";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-ы олардың мақсатына сәйкес ЦЖ үздіксіз жұмыс істеуін және өзектілендірілуін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс-шараларды қамтамасыз етеді. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дұрыстығын, өзектілігін және уақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық өзара іс-қимыл ЭЦҚ қолдана отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Бірыңғай тасымалдау (ақпарат беру) ортасы арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық алмасу кезінде ақпаратты қорғау мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған ақпарат беру ортасын пайдалану есебінен де, техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар есебінен де қамтамасыз етіледі.

ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-да тұрақты сақталады.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Қордың филиалдары мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ЦЖ-ға автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 238 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 32886 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 171-бабы 4-тармағының екінші абзацы, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік

жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау ( тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі–Кодекс) 171-бабы 4-тармағының үшінші абзацы, " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру,қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау(тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті мемлекеттік орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкімет" операторын, Бірыңғай байланыс орталығы мен міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау және қадағалау ведомствосын енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.";

2-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – уәкілетті мемлекеттік органның "Зейнетақы төлемдерін және жәрдемақыларды электрондық тағайындау" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;";

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) отбасының цифрлық картасы – "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында іске асырылған, отбасылардың ( адамдардың) тізімдерін олардың әлеуметтік саламаттылығының деңгейі бойынша қалыптастыруға және сегменттеуге мүмкіндік беретін талдамалық шешім;";

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) цифрлық құжаттар сервисі – "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және цифрландыру объектілерінен

алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;";

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭІМ) – "Е-макет" АЦЖ-да автоматты режимде немесе Мемлекеттік корпорацияда қалыптастырылатын әлеуметтік төлемді алушының электрондық іс макеті.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Негізгі талаптардың тізбесі "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті цифрлық жүйелерге (бұдан әрі – ЦЖ):

"Жеке тұлға" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша;

екінші деңгейдегі банктердің ЦЖ-ға банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған шотының нөмірі туралы мәліметтер бойынша;

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған банкі" ЦЖ-ға жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу туралы анықтама бойынша сұрау салулар қалыптастырады.

ЦЖ-дан алынған мәліметтер өтінішке қоса беріледі.

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді қоспағанда, тиісті құжаттар өтінішке қоса беріледі.

Құжаттардың көшірмелері "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайларды қоспағанда, құжаттар түпнұсқада ұсынылады, маман сканерлейді және өтініш берушіге қайтарылады.

Өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы әлеуметтік төлем тағайындау үшін ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің Негізгі талаптар тізбесіне сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өтініш берушіге әлеуметтік төлем тағайындауға өтінішті және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай негіздер бойынша кідіріссіз беріледі:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-дан әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оны тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактісін растайтын мәліметтерді алу;

2) өтініш берушінің құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ЦЖ-дан алынған мәліметтермен расталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) тағайындау үшін қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) әлеуметтік төлем тағайындауға құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің әлеуметтік төлемді тағайындау үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Осы тармақпен көзделген негіздер болмаған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште көзделген құжаттардың қабылданғаны туралы немесе электрондық қолхат (өтініш берушінің сұрауы бойынша қолхат қағаз нысанында) беріледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. МӘС бөлімшесі арқылы әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген кезде оның өтінішті қабылдайтын маманы осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген тәртіппен " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ЦЖ-ға сұрау салуды қалыптастырады.

ЦЖ-дан мәліметтер алған және (немесе) ЦЖ-да мәліметтері сәйкес келмеген ( болмаған) кезде өтініш беруші құжаттарды ұсынған кезде МӘС бөлімшесінің маманы өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес танысу үшін түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламаны береді, өтінішті қабылдайды және өтініш берушіге қабылдағаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талонын табыс етеді.

Өтініш берушінің түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен танысуын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш бланкісін толтыру кезінде өтініш беруші растайды.

Өтініштен, ЦЖ-дан алынған мәліметтерден тұратын электрондық өтінім және өтініш беруші құжаттарды, құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынған жағдайда өтініш берушіден өтініш қабылданған күні Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жіберіледі.

Құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішті қабылдаған маманның ЭЦҚ-мен куәландырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өтініш беруші әлеуметтік төлемді тағайындау үшін портал арқылы жүгінген кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес портал арқылы әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді, сондай-ақ танысу үшін түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламаны өтініш беруші тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Бұл ретте, өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді, оның ішінде түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен танысуды куәландырады және оны "Е-макет" АЦЖ-ға жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ұсынылған мәліметтермен қоса мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-да мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) әлеуметтік төлемді тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактілерінің болмауы;

3) өтініш берушінің Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толмауы.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда " Е-макет" АЦЖ-да азаматтардың әлеуметтік төлем тағайындауға өтініштерін ( өтінімдерін) тіркейтін электрондық журналында өтініш автоматты түрде тіркеледі, кейіннен өтініш берушіге Қордың астана, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалы (бұдан әрі - Қор филиалы) директорының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қор филиалы шешімінің жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЦЖ арқылы көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда портал өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданбағаны туралы хабарлама береді.";

14-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Е-макет" АЦЖ арқылы автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттарды қабылдау (бұдан әрі – міндеттемелер), әлеуметтік төлем алу мүмкіндігі туралы әлеуетті өтініш берушіге оның ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөміріне хабарлама жіберіледі.";

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Проактивті қызметті алуға келісімді растау және міндеттемелерді қабылдау үшін әлеуетті өтініш беруші "Е-макет" АЦЖ интеграциясы іске асырылған екінші деңгейдегі банктердің ұсынған тізімінен банктік шотты таңдайды және "Е-макет" АЦЖ ұсынатын сандардың комбинациясын теру арқылы жауап хабарлама жібереді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем алуға жүгінген кезде осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін "Е-макет" АЦЖ-дан мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-на сұрау салулар жіберіледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Өтініш берушінің проактивті қызмет көрсетуге келісімін алғаннан кейін " Е-макет" АЦЖ-ға әлеуметтік төлем тағайындауға азаматтардың өтініштерін ( өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінімді автоматты түрде тіркеу жүргізіледі, содан кейін өтініш берушіге ұялы байланыс абоненттік құрылғысына әлеуметтік төлемге өтінімді қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Қор филиалының әлеуметтік төлем тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.";

20-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, берілетін деректердің толықтығын, түпнұсқалылығын, дұрыстығын, бұрмаланбауын және уақтылығын ақпаратты беретін ЦЖ әкімшілері қамтамасыз етеді." ;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қордың филиалы Мемлекеттік корпорациядан ЭІМ келіп түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде, сондай-ақ, өтініш беруші портал, проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде ЭІМ-ін шешімнің жобасын қарайды және әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік төлемді тағайындаудан бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Қор филиалы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді, ал ЭІМ-да ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөмірі болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы жібереді.

Өтініш берушінің алдын ала шешімге қарсылығын оны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қордың филиалы қабылдайды.

Бұл ретте, егер белгіленген мерзімде өтініш беруші қарсылық білдірмесе және ауызша айтпаса, бұл алдын ала шешімге қарсылықтың болмауына тең болады.

Өтініш беруші алдын ала шешім бойынша қарсылық білдірген немесе ауызша айтқан жағдайда, Қор филиалы өтініш берушіге тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді.

Бұл ретте, ЦЖ-да ұялы телефон нөмірі болған кезде тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама өтініш берушіге оның ұялы телефонына "Е-макет" АЦЖ-дан хабарламаларды Short Message Service (Шорт месседж сервис) (бұдан әрі – sms-хабарлама) беру арқылы жолданады, ал ол болмаған жағдайда - Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы өтініш беруші жеке хабарландырылады.

Өтініш берушінің ауызша нысанда берілген қарсылығы тыңдау хаттамасына енгізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда Қордың филиалы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қор филиалдарының әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеруі мынадай негіздердің бірі болған кезде жүзеге асырылады:

әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық түспеуі;

міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомалары бойынша әлеуметтік аударымдардың төленген сомаларының қызметкердің кірісіне және (немесе) дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары басшыларының кірісіне сәйкес келмеуі;

құжаттардың және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

орналасқан жері мен қызметі әртүрлі өңірлерде (облыс/қала) тіркелген екі және одан да көп төлеушілерден бір кезең үшін әлеуметтік аударымдардың түсуі.

Құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеру мақсатында Қор филиалы төрт жұмыс күні ішінде, оның ішінде ЦЖ арқылы мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, төлеушіге, бірыңғай төлем төлеушіге, өтініш берушіге сұрау салулар жібереді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар түскен кірістің дұрыстығын тексеру мынадай:

міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарды аудару туралы және олардың Қорға әлеуметтік аударымдар, "Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің" ЦЖ жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық мөлшеріне сәйкестігі туралы;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ЦЖ-дағы еңбек шарты туралы мәліметтермен расталады.

Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде өтініш берушіден растайтын құжатты (құжаттарды) сұрату арқылы дара кәсіпкерлерден, шаруа немесе фермер қожалықтарынан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан әлеуметтік аударымдар түскен кірісті алу фактісін тексереді.

Растайтын құжаттарға мыналар жатады:

"Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ҰБ Басқармасының қаулысы) талаптарына сәйкес берілген жеке тұлғаның жалақы жобасы бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша айналымдары бар шоттан үзінді көшірме;

ҚР ҰБ Басқармасы қаулысының талаптарына сәйкес келетін дара кәсіпкердің, шаруа (фермер) қожалығы басшысының, жеке практикамен айналысатын адамдардың ақша қаражатының айналымы бар банктік шотынан үзінді көшірме, "Арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін арнаулы мобильді қосымшаны пайдалану қағидаларын және арнаулы мобильді қосымша чегінің мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қазандағы № 647 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37269 болып тіркелген) 2-қосымшаның талапталарына сәйкес арнайы мобильді қосымшаның чектері және (немесе) әлеуметтік төлемге құқық туындағанға дейін мемлекеттік кірістер органдарында тіркелген "Бақылау-касса машиналарын қолдануға байланысты кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 626 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37238 болып тіркелген) 1-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін бақылау-касса машинасының фискалдық белгісі бар чектер.

Ұсынылған растайтын құжаттар Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске сәйкес келуге тиіс;

"Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 2 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көзделген шығыс

кассалық ордер және (немесе) қызметкердің жалақысын есептеудің төлем ведомосінің көшірмесі.

Бұл ретте, әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауда орын алған кідірістер және шешім қабылдау мерзімдерінің ұзартылуы туралы, бірақ ЭІМ тексеруге жіберілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге, өтініш берушіге Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жазбаша нысанда хабарлайды, ал портал арқылы жүгінген кезде өтініш берушіге "Е-макет" АЦЖ-мен осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарға тексеру жүргізу туралы туралы электрондық хабарлама ( бұдан әрі – құжаттарды тексеру туралы хабарлама) жіберу арқылы порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" хабарланады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордың филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды тексеру туралы хабарлама беру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Құжаттарды тексеру туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Бұл ретте Қор филиалының сұрау салуына мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, төлеушіден, бірыңғай төлемді төлеушілерден, өтініш берушілерден құжаттар және ( немесе) мәліметтер берілген кезде Қор филиалы оларды ЭІМ-не қосу үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді, ал мәліметтер мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-і мен "Е-макет" АЦЖ интеграциялануы арқылы келіп түскен кезде олар ЭІМ-ге автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның қатысуынсыз тіркеледі.

Мемлекеттік корпорация ЭІМ-ні ұсынылған құжаттармен және (немесе) мәліметтермен олар Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 23 және 26-тармақтарында көзделген жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмаған, Қор филиалы осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес төлеуші беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының ай сайынғы кірісі туралы анықтама негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді;

бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдар жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген, Қор филиалы көрсетілген айларда (айда) нақты келіп түскен әлеуметтік аударымдар негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы қолда бар мәліметтер бойынша жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу мән-жайлары өтініш берушінің таңдауы бойынша сақталса, Қор филиалы өтініш берушінің Мемлекеттік бөлімшеге ұсынылатын келісімі негізінде корпорациялар осы Қағидаларға 18-нысан бойынша айларды (айды)есептемегенде әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуді жүргізеді, әлеуметтік аударымдардың сәйкессіздігі бар не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Егер әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажеттігі анықталса, Қор филиалы ЭІМ-ді осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабардар ете отырып, Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне қайтарады.

Бұл ретте Қор филиалы:

талап етілетін құжаттың атауын;

әлеуметтік төлем мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде кірістерді және ( немесе) әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын растау қажет болған кезде – растауға қажет кезеңдерді (кезеңді);

әлеуметтік төлем мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмеген, оның ішінде олар болмаған және (немесе) оларды қайтару қажеттігі болған кезде – сәйкестендіруге қажет кезеңдерді (кезеңді) көрсете отырып, қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарламаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі Қор филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлем тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

Құжаттарды жете ресімдеу туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарламаны алғаннан кейін өтініш берушіде сұрақтар болған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушімен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қордың филиалы "Е-макет" АЦЖ арқылы ЭІМ-ді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады, бұл ретте өтініш берушіге әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама, ал порталға "жеке кабинетке" осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған қосымша құжаттармен ЭІМ толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік корпорация, МӘС бөлімшесі арқылы өтініш берген кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіні Қор филиалы қабылдаған әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жөнінде :

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да ұялы телефонының нөмірі болған кезде өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Әлеуметтік төлемге проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде Қор филиалының әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімі өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

Әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарламалар осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысанда әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде Қор филиалы қабылдаған шешімнің қорытындысы бойынша "Е-макет" АЦЖ-да электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама қалыптастырылады, Қор филиалы басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады және порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. ЦЖ-да әлеуметтік төлем алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ЭІМ-де өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.";

47-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ақпарат уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ арқылы Мемлекеттік корпорацияға беріледі.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер (құжаттар), оның ішінде ЦЖ-дан алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күнінен бастап қайта басталады;

Осы мақсатта Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі:

екінші деңгейдегі банктермен, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдармен, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымдар) тоқсан сайын алушының банк шоты бойынша үш және одан да көп ай шығыс операцияларының болмау фактісіне салыстырып тексеруді жүргізеді;

салыстырып тексеру қорытындысы бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлем алушыны телефон арқылы және (немесе) ЦЖ-да ұялы телефон нөмірі болған кезде оның ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы, алушыны хабарлама алған айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жеке өтініш жасау қажеттігі туралы хабардар етеді;

егер алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, алушы хабардар етілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрады;

2) алушының Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет.

Әлеуметтік төлемді алушы болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен және кері қайтып келген адам кету елінде төлем алмаған жағдайда әлеуметтік төлем төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап, бірақ оны алу үшін жүгінудің алдындағы үш жылдан аспайтын уақытқа қайта басталады.

Бұл ретте әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерге кеткен кезде белгіленген мөлшерде қайта басталады. Егер кеткен кезеңде әлеуметтік төлемді арттыру жүргізілген болса, оның мөлшері барлық арттырулар ескеріліп белгіленеді.

Кету елінде төлем алынған жағдайда әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету кезінде белгіленген мөлшерде жүгінген күннен бастап қайта басталады;

3) қорғаншы (қамқоршы) болып табылатын алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазасын өтеп жатқыны туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем қорғаншы (қамқоршы) тағайындалған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

4) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы мәліметтер. Бұл ретте , әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

5) әлеуметтік төлем алушыға қатысты жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы немесе хабарсыз кету фактісі туралы растайтын құжаттың болуы туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

6) алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады;

7) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қорғаншыны (қамқоршыны) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға немесе қорғаншы (қамқоршы) мәртебесі қалпына келтірілген адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

8) өтініш берушінің жалған мәліметтер ұсынуы, бұл әлеуметтік төлем мөлшерін негізсіз айқындауға әкелген, соның ішінде құқық қорғау органдарынан және (немесе) өзге де арнайы органдардан олардың қарауындағы істер (материалдар) туралы мәліметтер келіп түскен жағдайда;

Бұл ретте әлеуметтік төлемнің тағайындалған мөлшері осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде оның тағайындалған күнінен бастап қайта қаралады.

9) медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе ) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісін анықтау туралы хаттаманы ресімдеу туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем бақылау бойынша қайта

куәландырылғанда бұрын шығарылған сараптамалық қорытынды расталған кезде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады.

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Қор филиалы әлеуметтік төлемді тоқтата тұру (қайта бастау, тоқтату) туралы шешімді (бұдан әрі – шешім) осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген мәліметтер:

осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен Қордың филиалына мәліметтер келіп түскен күні;

мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан және (немесе) әлеуметтік төлем алушыдан тікелей Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне келіп түскен мәліметтер (құжаттар) негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылған осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен әлеуметтік төлемді тоқтата тұру туралы шешімнің жобасы келіп түскен кезде тоқтата тұру туралы шешімді келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалының шешімі негізінде әлеуметтік төлемді жүзеге асыруды тоқтата тұрады.";

50-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Әлеуметтік төлем осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген алушының өтініші бойынша әлеуметтік төлемді алуға құқық сақталған жағдайда әлеуметтік төлемді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың аяқталғанын растайтын ЦЖ-дан алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде қайта басталады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Қор филиалы "Мүгедектігі бар тұлғалардың орталықтандырылған деректер банкі" ЦЖ-дан алынған мәліметтер негізінде осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді қайта есептеу туралы шешім қабылдайды:

жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі өзгергенде, ол белгіленген ( өзгерген) күннен бастап. Бұл ретте әлеуметтік төлемнің жаңа мөлшері әлеуметтік төлемнің ағымдағы мөлшерін жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылудың ағымдағы коэффициентіне бөлу және нәтижені жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылудың қайтадан белгіленген коэффициентіне көбейту жолымен есептеледі;

кезекті медициналық-әлеуметтік сараптамада қайта куәландыру кезінде жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу мерзімі өзгергенде. Бұл ретте, әлеуметтік төлем жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген күннен бастап жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеудің алдыңғы мерзімі өткен сәтте белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" ЦЖ-дан мәліметтер болмаған кезде жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі немесе мерзімі өзгерген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 25

-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген күннен бастап әлеуметтік төлемді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қор филиалы шешімінің жобасын қалыптастырады және Қордың филиалына жібереді.

Бұл ретте, егер жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеудің алдыңғы мерзімі аяқталған күннен бастап алты және одан да көп ай өтсе, әлеуметтік төлемді қайта есептеу үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация арқылы әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтінішті қабылдауды жүзеге асырады.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Қор филиалы мыналар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылдайды:

1) осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЦЖ-дан мынадай мәліметтер келіп түскенде:

алушының қайтыс болғаны (соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енгені) туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем алушының қайтыс болған айды (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген айды) қоса алғанда төленеді;

МӘС бөлімшесінің алушыны еңбекке қабілетті деп тану туралы сараптамалық қорытынды шығаруы. Бұл ретте, әлеуметтік төлем ол еңбекке қабілетті деп танылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

2) мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан және (немесе) әлеуметтік төлемді алушыдан келіп түскен мәліметтер (құжаттар) негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылған Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім жобасы:

алушы әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынған жағдайда. Бұл ретте, әлеуметтік төлем тағайындалған күнінен бастап тоқтатылады;

осы Қағидалардың 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша алушы әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш берген жағдайда. Бұл ретте, әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару Қорға аудару үшін Мемлекеттік корпорацияның шотына:

алушының өтініші бойынша, оның Мемлекеттік корпорацияның шотына ақша қаражатын енгізу немесе әлеуметтік төлемнен ұстап қалуға өтініш беру арқылы. Алушының әлеуметтік төлемнен ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі дайындаған Қор филиалының әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалу туралы шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымға Қорға аудару үшін төлемдерді Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ-дан алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кетуі туралы мәліметтерді) қоса бере отырып, хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша;

үшінші тұлғалардан ерікті түрде, әлеуметтік төлемді алушының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация есепті айдан кейінгі айдың үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың шотына әлеуметтік төлемдердің және олардан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының қайтаруға жататын артық есептелген (төленген) сомаларын аударады.";

81-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-да тұрақты сақталады.";

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-ы олардың мақсатына сәйкес ЦЖ үздіксіз жұмыс істеуін және өзектілендірілуін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс-шараларды қамтамасыз етеді. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дұрыстығын, өзектілігін және уақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық өзара іс-қимыл ЭЦҚ қолдана отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Бірыңғай тасымалдау (ақпарат беру) ортасы арқылы жүзеге асырылады. Ақпарат алмасу кезінде ақпаратты қорғау мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған ақпарат беру ортасын пайдалану есебінен де, техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар есебінен де қамтамасыз етіледі.

ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-да тұрақты сақталады.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Қордың филиалдары мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ЦЖ-ға автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 239 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 32883 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 230-бабының 3-тармағына, " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 230-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу ( айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға "Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті мемлекеттік орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде" "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкімет" цифрлық операторын, Бірыңғай байланыс орталығы мен міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау және қадағалау

ведомствосын енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді .";

2-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – уәкілетті мемлекеттік органның "Зейнетақы төлемдерін және жәрдемақыларды электрондық тағайындау" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;";

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) отбасының цифрлық картасы – "цифрлық үкіметтің" цифрлық платформасында іске асырылған, отбасылардың (адамдардың) тізімдерін олардың әлеуметтік саламаттылығының деңгейі бойынша қалыптастыруға және сегменттеуге мүмкіндік беретін талдамалық шешім;";

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) цифрлық құжаттар сервисі – "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және цифрландыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;";

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;";

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭІМ) – "Е-макет" АЦЖ-да автоматты режимде немесе Мемлекеттік корпорацияда қалыптастырылатын әлеуметтік төлемді алушының электрондық іс макеті.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Негізгі талаптардың тізбесі "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш беруші сәйкестендіру үшін ұсынылатын осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) асыраушысының қайтыс болуы туралы куәлік (не қайтыс болу туралы азаматтық хал актілерінің жазбаларынан мәліметтер бар анықтама немесе портал арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарлама) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ( сәйкестендіру үшін) не адамды хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі;

2) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар, қайтыс болған асыраушы баласының (балаларының) туу туралы және неке (ерлі-зайыптылықты) қию ( бұзу) туралы, бала асырап алу туралы, әке (ана) болуды белгілеу туралы куәліктер не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) жалпы орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі отбасы мүшелерінің күндізгі оқу нысаны бойынша, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алушылар немесе білім алушылар болып табылатыны туралы анықтама (жыл сайын жаңартылып отырады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде білім беру ұйымдарында оқыған жағдайда білім беру ұйымынан анықтама ұсынылады, онда: оқу орнының толық атауы, білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні, оқыту нысаны (бар болса), курсы мен көрсетілген курста оқу кезеңі, білім беру ұйымының мөрі және уәкілетті тұлғаның қолы. Білім алушының академиялық демалыста болуы білім беру ұйымының анықтамасымен расталады;

Бұл ретте білім алушы оқу орнынан шығарылған немесе сырттай оқу нысанына ауысқан жағдайларда білім беру ұйымының басшысы әлеуметтік төлем алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесін хабардар етеді.

4) қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу туралы құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

Құжаттарды мемлекеттік цифрлық жүйелерден, соның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді.

Құжаттарды қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті цифрлық жүйелерге (бұдан әрі – ЦЖ) сұрау салулар қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ЦЖ-да өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша;

екінші деңгейдегі банктердің ЦЖ-ға банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер бойынша;

"АХАЖ" ЦЖ-ға баланың (балалардың) туу туралы куәлігі, не туу туралы, баланы ( балаларды) асырап алу туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын, некеге тұру туралы анықтама не неке туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын, асыраушының қайтыс болуы (сот хабарсыз кетті деп немесе қайтыс болды деп жариялаған) туралы, не қайтыс болу туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын анықтама бойынша;

"Төрелік" автоматтандырылған цифрлық талдау жүйесінде - баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі - "ҰБДҚ" ЦЖ) асырауындағылардың күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта білім беру, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы туралы мәліметтер бойынша;

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған банкі" ЦЖ-ға куәландыруды және мүгедектік тобын белгілеуді жүргізу туралы (он сегіз жасқа толмаған және осы жастан үлкен балалар, оның ішінде асырап алынған аға, іні, сіңлі, қарындастары бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп танылған жағдайда);

"ҚР ҒЖБМ ЖББП" ЦЖ (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы" цифрлық жүйесі) - оқыту туралы мәліметтер бойынша.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" ЦЖ-да-кәмелетке толмаған балаға (балаларға) қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында тәрбиеленушілердің және орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), оның ішінде арнайы және орта білім алушылардың білімі туралы мәліметтердің болуына мамандандырылған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі;

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді қоспағанда, мәліметтер өтінішке қоса беріледі.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттар сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.";

9-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы әлеуметтік төлем тағайындау үшін ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтерді

тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің Негізгі талаптар тізбесімен сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтініш берушіге әлеуметтік төлем тағайындауға өтінішті және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай негіздер бойынша кідіріссіз беріледі:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-дан әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оны тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактісін растайтын мәліметтерді алу;

2) өтініш берушінің құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ЦЖ-дан алынған мәліметтермен расталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) тағайындау үшін қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) әлеуметтік төлем тағайындауға құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің әлеуметтік төлемді тағайындау үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Осы тармақпен көзделген негіздер болмаған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште көзделген құжаттардың қабылданғаны туралы немесе электрондық қолхат (өтініш берушінің сұрауы бойынша қолхат қағаз нысанында) беріледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өтініш беруші әлеуметтік төлемді тағайындау үшін портал арқылы жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес портал арқылы әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді, сондай-ақ танысу үшін түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламаны өтініш беруші тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Бұл ретте, өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді, оның ішінде түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен танысуды куәландырады және оны "Е-макет" АЦЖ-ға жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ұсынылған мәліметтермен қоса мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-да мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) әлеуметтік төлемді тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактілерінің болмауы.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда " Е-макет" АЦЖ-да азаматтардың әлеуметтік төлем тағайындауға өтініштерін ( өтінімдерін) тіркейтін электрондық журналында өтініш автоматты түрде тіркеледі, кейіннен өтініш берушіге Қор филиалы директорының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Қор филиалының әлеуметтік төлемді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қор филиалы шешімінің жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЦЖ арқылы көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда портал өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданбағаны туралы хабарлама береді.";

14-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Е-макет" АЦЖ арқылы автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш бланкісінде көзделген шарттарды қабылдау (бұдан әрі – шарттар), әлеуметтік төлемді алу мүмкіндігі туралы әлеуетті өтініш берушіге оның ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөміріне хабарлама жіберіледі.";

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Проактивті қызметті алуға келісімді растау және шарттарды қабылдау үшін әлеуетті өтініш беруші "Е-макет" АЦЖ интеграциясы іске асырылған екінші деңгейдегі банктердің ұсынған тізімінен банктік шотты таңдайды және "Е-макет" АЦЖ ұсынатын сандардың комбинациясын теру арқылы жауап хабарлама жібереді.

Күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушінің келісімі болмаған жағдайда проактивті қызмет көрсетуден бас тартылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем алуға жүгінген кезде осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін "Е-макет" АЦЖ-дан мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-на сұрау салулар жіберіледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Өтініш берушінің проактивті қызмет көрсетуге келісімін алғаннан кейін " Е-макет" АЦЖ-ға әлеуметтік төлем тағайындауға азаматтардың өтініштерін ( өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінімді автоматты түрде тіркеу жүргізіледі, содан кейін өтініш берушіге ұялы байланыс абоненттік құрылғысына әлеуметтік төлемге өтінімді қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Қор филиалының әлеуметтік төлемді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЭІМ-да тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, Қор филиалы әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.";

19-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, берілетін деректердің толықтығын, түпнұсқалылығын, дұрыстығын, бұрмаланбауын және уақтылығын ақпаратты беретін ЦЖ әкімшілері қамтамасыз етеді." ;

21-тармақта:

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, ЦЖ - да ұялы телефон нөмірі болған кезде тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама өтініш берушіге оның ұялы телефонына "Е-макет" АЦЖ-дан хабарламаларды Short Message Service (Шорт месседж сервис) (бұдан әрі – sms-хабарлама) беру арқылы жолданады, ал ол болмаған жағдайда - Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы өтініш беруші жеке хабарландырылады.";

тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда Қордың филиалы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қор филиалдарының әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеруі мынадай негіздердің бірі болған кезде жүзеге асырылады:

әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық түспеуі;

міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомалары бойынша әлеуметтік аударымдардың төленген сомаларының қызметкердің кірісіне және (немесе) дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары басшыларының кірісіне сәйкес келмеуі;

құжаттардың және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

орналасқан жері мен қызметі әртүрлі өңірлерде (облыс/қала) тіркелген екі және одан да көп төлеушілерден бір кезең үшін әлеуметтік аударымдардың түсуі.

Құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеру мақсатында Қор филиалы төрт жұмыс күні ішінде, оның ішінде ЦЖ арқылы мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, төлеушіге, бірыңғай төлем төлеушіге, өтініш берушіге сұрау салулар жібереді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар түскен кірістің дұрыстығын тексеру мынадай:

міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарды аудару туралы және олардың Қорға әлеуметтік аударымдар, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің" ЦЖ жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық мөлшеріне сәйкестігі туралы;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ЦЖ-дағы еңбек шарты туралы мәліметтермен расталады.

Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде өтініш берушіден растайтын құжатты (құжаттарды) сұрату арқылы дара кәсіпкерлерден, шаруа немесе фермер қожалықтарынан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан әлеуметтік аударымдар түскен кірісті алу фактісін тексереді.

Растайтын құжаттарға мыналар жатады:

"Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ҰБ Басқармасының қаулысы) талаптарына сәйкес берілген жеке тұлғаның жалақы жобасы бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша айналымдары бар шоттан үзінді көшірме;

ҚР ҰБ Басқармасы қаулысының талаптарына сәйкес келетін дара кәсіпкердің, шаруа (фермер) қожалығы басшысының, жеке практикамен айналысатын адамдардың ақша қаражатының айналымы бар банктік шотынан үзінді көшірме, "Арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін арнаулы мобильді қосымшаны пайдалану қағидаларын және арнаулы мобильді қосымша чегінің мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қазандағы № 647 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37269 болып тіркелген) 2-қосымшаның талапталарына сәйкес арнайы мобильді қосымшаның чектері және (немесе) әлеуметтік төлемге құқық туындағанға дейін мемлекеттік кірістер органдарында тіркелген "Бақылау-касса машиналарын қолдануға байланысты кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 626 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37238 болып тіркелген) 1-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін бақылау-касса машинасының фискалдық белгісі бар чектер.

Ұсынылған растайтын құжаттар Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске сәйкес келуге тиіс;

"Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 2 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көзделген шығыс кассалық ордер және (немесе) қызметкердің жалақысын есептеудің төлем ведомосінің көшірмесі.

Бұл ретте, әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауда орын алған кідірістер және шешім қабылдау мерзімдерінің ұзартылуы туралы, бірақ ЭІМ тексеруге жіберілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге, өтініш берушіге Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жазбаша нысанда хабарлайды, ал портал арқылы жүгінген кезде өтініш беруші осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарға тексеру жүргізу туралы "Е-макет" АЦЖ-мен электрондық хабарлама (бұдан әрі – құжаттарды тексеру туралы хабарлама) жіберу жолымен порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" хабарланады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордың филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды тексеру туралы хабарлама беру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Құжаттарды тексеру туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Бұл ретте Қор филиалының сұрау салуына мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, төлеушіден, бірыңғай төлемді төлеушілерден, өтініш берушілерден құжаттар және ( немесе) мәліметтер берілген кезде Қор филиалы оларды ЭІМ-не қосу үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді, ал мәліметтер мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-і мен "Е -макет" АЦЖ интеграциялануы арқылы келіп түскен кезде олар ЭІМ-ге автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның қатысуынсыз тіркеледі.

Мемлекеттік корпорация ЭІМ-ні ұсынылған құжаттармен және (немесе) мәліметтермен олар Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

24-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы мәліметтері бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әлеуметтік аударымдардың, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу жағдайы сақталса, өтініш берушінің таңдауы бойынша Қор филиалы осы

Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне берілетін өтініш берушінің келісімі негізінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмейтін айларды (айды) ескермей әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді, не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Егер әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажеттігі анықталса, Қор филиалы ЭІМ-ді осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабардар ете отырып, Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне қайтарады.

Бұл ретте Қор филиалы:

талап етілетін құжаттың атауын;

әлеуметтік төлем мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде кірістерді және ( немесе) әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын растау қажет болған кезде – растауға қажет кезеңдерді (кезеңді);

әлеуметтік төлем мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмеген, оның ішінде олар болмаған және (немесе) оларды қайтару қажеттігі болған кезде – сәйкестендіруге қажет кезеңдерді (кезеңді) көрсете отырып, қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарламаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі Қор филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

Құжаттарды жете ресімдеу туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарламаны алғаннан кейін өтініш берушіде сұрақтар болған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушімен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қордың филиалы "Е-макет" АЦЖ арқылы ЭІМ-ді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады, бұл ретте өтініш берушіге әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама, ал

порталға "жеке кабинетке" осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған қосымша құжаттармен ЭІМ толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіні Қор филиалы қабылдаған әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жөнінде:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да ұялы телефонының нөмірі болған кезде sms-хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына жіберу арқылы хабардар етеді.

Әлеуметтік төлемге проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде Қор филиалының әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімі өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

Әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарламалар осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде Қор филиалы қабылдаған шешімнің қорытындысы бойынша "Е-макет" АЦЖ-да электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама қалыптастырылады, Қор филиалы басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады және порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЦЖ-да әлеуметтік төлем алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ЭІМ-де өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.";

46-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ақпарат уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ арқылы Мемлекеттік корпорацияға беріледі.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер, оның ішінде ЦЖ-дан алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады.

Осы мақсатта Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі:

екінші деңгейдегі банктермен, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдармен, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымдар) тоқсан сайын алушының банк шоты бойынша үш және одан да көп ай шығыс операцияларының болмау фактісіне салыстырып тексеруді жүргізеді;

салыстырып тексеру қорытындысы бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлем алушыны телефон арқылы және (немесе) АЖ-да ұялы телефон нөмірі болған кезде оның ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы, алушыны хабарлама алған айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жеке өтініш жасау қажеттігі туралы хабардар етеді;

егер алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, алушы хабардар етілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрады;

2) алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәліметтер.

Әлеуметтік төлем алушы болып табылатын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен және кері қайтып келген адамға шығу елінде төлем алмаған жағдайда әлеуметтік төлем тоқтатылған күннен бастап, бірақ оны алуға жүгінудің алдындағы үш жылдан аспайтын уақытқа әлеуметтік төлем қайта басталады.

Бұл ретте әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кеткен кезде белгіленген мөлшерде қайта басталады. Егер кету кезеңінде әлеуметтік төлемді арттыру жүргізілсе, оның мөлшері осы арттыруларды ескере отырып белгіленеді.

Шығу елінде төлемдерді алған болса, Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелген жағдайда әлеуметтік төлем жүгінген күннен бастап, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету кезінде белгіленген мөлшерде қайта басталады;

3) алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем қорғаншы (қамқоршы) тағайындаған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

4) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел

азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандастың куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

5) әлеуметтік төлемді алушыға қатысты жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың болуы туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

6) алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады;

7) он сегіз жастан асқан алушыны (асырауындағы адамды) білім беру ұйымынан шығару туралы немесе оны сырттай оқу нысанына ауыстыру туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқуды қайта бастаған күннен бастап қайта басталады;

8) алушының қайтыс болуы (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі) туралы мәліметтер. Бұл ретте, әлеуметтік төлем қорғаншы ( қамқоршы) тағайындаған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

9) алушыны ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу туралы, баланы асырап алу туралы шешімді жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою туралы мәліметтер. Бұл ретте қамқоршы (қорғаншы) болып тағайындалған адамға әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру кезінде әлеуметтік төлем ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе шектеулердің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

10) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қамқоршыны (қорғаншыны) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы мәліметтер. Бұл ретте әлеуметтік төлем қамқоршы (қорғаншы) болып тағайындалған адамға немесе қамқоршы (қорғаншы) мәртебесі қалпына келтірілген адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

11) хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына әлеуметтік аударымдардың, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының келіп түсуі немесе азаматтың тірі болу фактісін растайтын ақпараттың келіп түсуі туралы мәліметтер. Бұл ретте, егер азаматтың тірі екені расталса, әлеуметтік төлем тоқтатылады, расталмаған жағдайда – әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

12) өтініш берушінің әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәліметтер, оның ішінде құқық қорғау

органдарынан және (немесе) өзге де арнаулы органдардан олардың іс жүргізуінде істердің (материалдардың) бар екендігі туралы мәліметтер келіп түскен кезде.

Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта қарау оны тағайындаған күннен бастап осы Қағидаларға 20 және 21-тармақтарда көзделген тәртіппен және мерзімде қайта қаралады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Қор филиалы осы Қағидалардың 47-тармағында көзделген мәліметтер келіп түскен кезде әлеуметтік төлемді тоқтата тұру (қайта бастау, тоқтату) туралы шешімді ( бұдан әрі – шешім) келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күн ішінде тоқтата тұру туралы шешімді:

осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан Қордың филиалына мәліметтер келіп түскен күні;

мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан және (немесе) әлеуметтік төлем алушыдан тікелей мемлекеттік корпорация бөлімшесіне келіп түскен мәліметтер (құжаттар) негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылған осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен әлеуметтік төлемді тоқтата тұру туралы Қор филиалының шешімнің жобасы келіп түскен күні қабылдайды.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалының шешімі негізінде әлеуметтік төлемді жүзеге асыруды тоқтата тұрады.";

49-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Әлеуметтік төлем осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген алушының Мемлекеттік корпорация арқылы әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініші бойынша әлеуметтік төлемді алуға құқық сақталған жағдайда әлеуметтік төлемді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың аяқталғанын растайтын ЦЖ-дан алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде қайта басталады.";

50-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорацияның маманы күндізгі оқу нысаны бойынша оқушылар немесе студенттер болып табылатын отбасы мүшелері бойынша "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ЦЖ-ға сұрау салу негізінде әлеуметтік төлемді қайта қарау шешімінің жобасын қалыптастырады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Асырауындағы адамдар саны ұлғаю кезінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу әлеуметтік төлемді алушының, қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің жазбаша өтініші негізінде:

жалпы орта, техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан анықтама ұсынған кезде оқу кезеңінің басталу күнінен ;

Кодекстің 239-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасының мүшесін әлеуметтік төлем алушының асырауындағылардың құрамына қосқан кезде асыраушы қайтыс болған күннен бастап ( асыраушы қайтыс болғаннан кейін туған кезде, баланың туған күнінен ерте емес) жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемнің үлесін бөлуге құқығы бар адамдарға әлеуметтік төлем мөлшерін қайта есептеу жазбаша өтініш берген күннен бастап жүргізіледі.

Егер қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының асырауында болған отбасы мүшелерінің бірі әлеуметтік төлем алуға өтініш жасау құқығын іске асырмаса, онда ол Кодекстің 239-бабының 5-тармағына сәйкес әлеуметтік төлем бөлінген жағдайда ол Қорға жүгінген күннен бастап аталған адамға, ал бөлінбеген жағдайда – әлеуметтік төлем құқығы туындаған күннен бастап тағайындалады.

Бұл ретте, мөлшерді қайта есептеу (қайта қарау) әлеуметтік төлемнің жүргізілген көтерулерін ескере отырып, өтініш берілген сәтте қолданыста болатын есептеу параметрлері бойынша әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап жүргізіледі. Асырауындағы адамдар саны азайған кезде әлеуметтік төлем мөлшерін қайта есептеуді осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан мәліметтер алу жолымен Қор филиалдары әлеуметтік төлемді қайта есептеу туралы Қор филиалының шешімі негізінде жүргізеді.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан мәліметтер болмаған кезде, асырауындағы адамдардың саны азайған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жарияланған) асыраушының асырауындағы адамдардың біріне әлеуметтік төлем тоқтатылған күннен бастап әлеуметтік төлем тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімнің жобасын қалыптастырады және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қордың филиалына жібереді.

Өтініш беруші асыраушысынан айырылған адамдар үшін әлеуметтік төлемнің мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабарламаған жағдайда, олардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар басталған сәттен бастап, бірақ олар тағайындалған сәттен ерте емес қайта қаралады.

Әлеуметтік төлемнің жаңа мөлшері әлеуметтік төлемнің ағымдағы мөлшерін асырауындағы адамдар санының ағымдағы коэффициентіне бөлу және нәтижені жаңадан белгіленген асырауындағы адамдар санының коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

Әлеуметтік төлемді алушының әлеуметтік төлем мөлшерін қайта есептеу туралы өтініші негізінде Мемлекеттік корпорация бөлімшесі осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қор филиалының бекітуі үшін әлеуметтік төлемді тағайындау (

қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қор филиалының шешім жобасын қалыптастырады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Қор филиалы мыналар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылдайды:

1) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан мынадай мәліметтер келіп түскенде:

қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған жалғыз адамның қайтыс болуы туралы. Бұл ретте әлеуметтік төлем қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) айды қоса алғанда жүзеге асырылады;

медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған жалғыз адамды еңбекке қабілетті деп тану туралы шешім шығарған жағдайда. Бұл ретте, әлеуметтік төлем ол еңбекке қабілетті деп танылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған жалғыз адамның мүгедектігін белгілеу мерзімі аяқталған күннен бастап. Бұл ретте әлеуметтік төлем мүгедектік белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап тоқтатылады;

2) Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен мынадай жағдайларда осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тоқтату туралы Қор филиалының мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан түскен мәліметтер (құжаттар) негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылған шешім жобасы:

алушы әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынған жағдай. Бұл ретте, әлеуметтік төлем тағайындалған күнінен бастап тоқтатылады;

алушы осы Қағидалардың 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша алушы әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш берген жағдай. Бұл ретте, әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару Қорға аудару үшін Мемлекеттік корпорацияның шотына:

алушының өтініші бойынша, оның Мемлекеттік корпорацияның шотына ақша қаражатын енгізу немесе әлеуметтік төлемнен ұстап қалуға өтініш беру арқылы. Алушының әлеуметтік төлемнен ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі дайындаған Қор филиалының әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалу туралы шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымға Қорға аудару үшін төлемдерді Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ-дан алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кетуі туралы мәліметтерді) қоса бере отырып, хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша;

үшінші тұлғалардан ерікті түрде, әлеуметтік төлемді алушының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация есепті айдан кейінгі айдың үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың шотына әлеуметтік төлемнің және одан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының қайтаруға жататын артық есептелген (төленген) сомаларын аударады.";

79-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-ы олардың мақсатына сәйкес ЦЖ үздіксіз жұмыс істеуін және өзектілендірілуін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс-шараларды қамтамасыз етеді. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дұрыстығын, өзектілігін және уақтылығын қамтамасыз етеді. ";

80-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-да тұрақты сақталады.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Қордың филиалдары мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ЦЖ-ға автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 27-қосымшасы осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы

бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру , тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау ( тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 248 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 32912 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 72-бабы 2-тармағына үшінші абзацы, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы ( балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру , тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау ( тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 72-бабы 2-тармағының үшінші абзацына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы ( балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті мемлекеттік орган өзгерістер және (немесе)

толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде" "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкімет" операторын, Бірыңғай байланыс орталығы мен міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау және қадағалау ведомствосын енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.";

2-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – уәкілетті мемлекеттік органның "Зейнетақы төлемдерін және жәрдемақыларды электрондық тағайындау" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері – цифрлық ресурстар, бағдарламалық жасақтамалар, интернет-ресурс және екінші деңгейлі банктердің цифрлық инфрақұрылымы;";

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) отбасының цифрлық картасы – "цифрлық үкіметтің" цифрлық-коммуникациялық платформасында іске асырылған, отбасылардың ( адамдардың) тізімдерін олардың әлеуметтік саламаттылығының деңгейі бойынша қалыптастыруға және сегменттеуге мүмкіндік беретін талдамалық шешім;";

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) цифрлық құжаттар сервисі – "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және цифрландыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;";

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) "Цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭІМ) – "Е-макет" АЦЖ-да автоматты режимде немесе Мемлекеттік корпорацияда қалыптастырылатын әлеуметтік төлемді алушының электрондық іс макеті.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кодекстің 77 және 84-баптарына сәйкес әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар адамдар Қорға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен, 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін портал, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы өтінішпен, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау үшін өтінішпен:

1) жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін:

Мемлекеттік корпорацияға жеке басын куәландыратын құжатпен, не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатпен (сәйкестендіру үшін) (қандас мәртебесі бар адам әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш білдірген жағдайда қандас куәлігі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатпен (сәйкестендіру үшін));

портал арқылы;

2) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы жүгінеді.

Проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем тағайындау кезінде өтініш беру талап етілмейді.

Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш беру "Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу кезінде "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындауға өтінішті қарау бала тууды тіркегеннен кейін жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Негізгі талаптардың тізбесі "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге сәйкестендіру үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін:

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парағы (парақтары);

2) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін:

баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат не туу туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын анықтама (сәйкестендіру үшін);

олардың бар-жоғына байланысты:

қамқоршылық немесе қорғаншылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган берген баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімінен үзінді көшірме (бір жарым жасқа дейінгі баланы (балаларды) асырап алған жағдайларда);

баланың (балалардың) қайтыс болу туралы куәлігі (куәліктері) не азаматтық хал актілерінің жазбаларынан қайтыс болу туралы мәліметтерді қамтитын анықтама немесе портал арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарлама.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа өтінішке "электрондық үкімет" шлюзі арқылы сұрау салулар қалыптастыру жолымен өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорация маманы сұрататын мынадай:

1) "Жеке тұлға" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша;

2) екінші деңгейдегі банктердің ЦЖ-ға банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

сондай-ақ, жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін:

1) "Амбулаториялық-емханалық көмек" ЦЖ-ға жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парағы;

2) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ЦЖ-да мемлекеттік кірістер органдары берген бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ "Біріктірілген салық цифрлық жүйесі" ЦЖ-ға әлеуметтік аударымдар туралы жеке шоттан үзінді көшірме бойынша өтініш берушілерді дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары ретінде мемлекеттік тіркеу туралы және әлеуметтік төлемге құқық туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде (дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш берген кезде) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 637 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37255 болып тіркелген) бекітілген Салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотын жүргізу қағидаларына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдары берген әлеуметтік төлемдер

бойынша салық төлеушінің жеке шотынан үзінді-көшірме (бұдан әрі – Салық төлеушінің жеке шотынан үзінді көшірме);

бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін:

1) "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу" ЦЖ-ға баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе азаматтық хал актілерінің жазбаларынан туу туралы, баланы ( балаларды) асырап алу туралы, неке қию туралы мәліметтерді қамтыған анықтама немесе азаматтық хал актілерінің жазбаларынан неке туралы (алынған мәліметтерде ата-аналардың тегі ауысқан кезде) баланың (балалардың) қайтыс болғаны туралы мәліметтерді қамтитын анықтама не азаматтық хал актілерінің жазбаларынан қайтыс болу туралы мәліметтерді қамтитын анықтама бойынша мәліметтер қоса беріледі.

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді қоспағанда, тиісті құжаттар өтінішке қоса беріледі.";

жетпіс төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілген параметрлер бойынша тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда " Е-макет" АЦЖ-да азаматтардың жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініштерін (өтінімдерін) тіркейтін электрондық журналында өтініш автоматты түрде тіркеледі, кейіннен өтініш берушіге астана, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы Қор филиалы (бұдан әрі - Қор филиалы) директорының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.";

9-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінішті қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің Негізгі талаптар тізбесіне сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтініш берушіге әлеуметтік төлем тағайындауға өтінішті және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай негіздер бойынша кідіріссіз беріледі:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-дан жүктілікке және босануға, баланы ( балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оларды тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактісін растайтын мәліметтерді алу;

2) өтініш берушінің құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі жүктілікке және босануға,

баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ЦЖ-дан алынған мәліметтермен расталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) тағайындау үшін қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;

6) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін:

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік тәуекел туындаған айдың алдындағы он екі айда;

бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік тәуекел туындаған айдың алдындағы жиырма төрт айда әлеуметтік аударымдардың төленбеуі.

Осы тармақпен көзделген негіздер болмаған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште көзделген құжаттардың қабылданғаны туралы немесе электрондық қолхат (өтініш берушінің сұрауы бойынша қолхат қағаз нысанында) беріледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өтініш беруші жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін портал арқылы жүгінген кезде осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді, сондай-ақ танысу үшін түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламаны өтініш беруші тиісті мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Бұл ретте, өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді, оның ішінде түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен танысуды куәландырады және оны "Е-макет" АЦЖ-ға жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ұсынылған мәліметтермен қоса мемлекеттік

органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-да мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) проактивті қызмет арқылы жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, сондай-ақ тағайындауға өтініш немесе келісім беру фактілерінің болмауы;

3) жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдер үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін әлеуметтік тәуекел туындаған айдың алдындағы соңғы он екі айда әлеуметтік аударымдардың төленуі;

4) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін әлеуметтік тәуекел туындаған айдың алдындағы соңғы жиырма төрт айда әлеуметтік аударымдардың төленуі.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда " Е-макет" АЦЖ-да азаматтардың жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініштерін (өтінімдерін) тіркейтін электрондық журналында өтініш автоматты түрде тіркеледі, кейіннен өтініш берушіге облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Қор филиалы (бұдан әрі - Қор филиалы) директорының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 8, 9-қосымшаларға сәйкес жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қор филиалы шешімінің жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЦЖ арқылы көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда портал өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданбағаны туралы хабарлама береді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Өтініш беруші екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш берген кезде өтініш беруші өтінішті автоматтандырылған режимде қалыптастыруға бастамашылық жасайды, онда ол осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттар туралы хабардар етіледі, сондай-ақ электрондық өтінішке қол қойылғанға дейін танысу үшін екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасында осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Е-макет" АЦЖ-ге қалыптастырылған келіп түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарлама алады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтініш нысанында көзделген мәліметтерді, оның ішінде осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мәліметтерді екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісі сұрау салу арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-ден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы Қағидалардың 14-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен мәліметтерді алғаннан кейін екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісі бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, оны тағайындауға проактивті қызмет арқылы өтініш немесе келісім беру фактілерінің жоқтығы туралы, сондай-ақ өтініш берушінің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуы туралы мәліметтерді алуға "Е-макет" АЦЖ-ге сұрау салуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген фактілер болмаған және өтініш берушінің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуы туралы мәліметтер алынған кезде өтініш беруші танысатын және оған өз ЭЦҚ-мен қол қоятын мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтер негізінде электрондық өтініш қалыптастырылады.

Екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісі "Е-макет" АЦЖ-ға электрондық өтініш жіберуге бастамашылық жасайды, онда ол осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген ұсынылған мәліметтердің толықтығына тексеруден өтеді, тексеру аяқталғаннан кейін "Е-макет" АЦЖ-ге әлеуметтік төлемдерді тағайындауға азаматтардың өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінім автоматты түрде тіркеледі, одан кейін өтініш берушіге екінші деңгейлі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасына бала күтіміне әлеуметтік төлемге өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-де осы Қағидаларға 8, 9-қосымшаларға сәйкес Қор филиалының жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдерді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы ЭІМ және шешім жобасы автоматты түрде қалыптастырылады және ол Қордың филиалына түседі.";

16-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Е-макет" АЦЖ арқылы автоматтандырылған режимде әлеуетті өтініш берушіге оның ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөміріне жүктілік және босану, бала асырап алу бойынша әлеуметтік төлемдерді, күтім бойынша әлеуметтік төлемдерді алу мүмкіндігі, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттарды қабылдау туралы хабарлама (бұдан әрі - міндеттемелер) жіберу ұсынылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Проактивті қызметті алуға келісімді растау және міндеттемелерді қабылдау үшін әлеуетті өтініш беруші "Е-макет" АЦЖ интеграциясы іске асырылған екінші

деңгейдегі банктердің ұсынған тізімінен банктік шотты таңдайды және "Е-макет" АЦЖ ұсынатын сандардың комбинациясын теру арқылы жауап хабарлама жібереді.

Күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушінің келісімі болмаған жағдайда проактивті қызмет көрсетуден бас тартылады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Проактивті қызмет арқылы жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алуға жүгінген кезде осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін "Е-макет" АЦЖ-дан мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-на сұрау салулар жіберіледі.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Өтініш берушінің проактивті қызмет көрсетуге келісімін алғаннан кейін "Е-макет" АЦЖ-ға жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға азаматтардың өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінімді автоматты түрде тіркеу жүргізіледі, содан кейін өтініш берушіге ұялы байланыс абоненттік құрылғысына әлеуметтік төлемге өтінімді қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да автоматты түрде ЭІМ және осы Қағидаларға 8, 9-қосымшаларға сәйкес Қор филиалының әлеуметтік төлем тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасы қалыптастырылады, олар Қордың филиалына түседі.

ЭІМ-да тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, Қор филиалы жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау туралы түскен өтініштер, оның ішінде электрондық, өтініштер келіп түскен күні сол жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш келіп түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні:

жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға:

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес азаматтардың әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы өтініштерін Мемлекеттік корпорацияда тіркеудің және есепке алудың электрондық журналында;

портал, сондай-ақ проактивті қызмет арқылы әлеуметтік төлем алуға өтініш білдірген кезде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес азаматтардың әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында тіркеледі;

екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы бала күтіміне әлеуметтік төлемге жүгінген кезде – осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес азаматтардың әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.";

21-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, берілетін деректердің толықтығын, түпнұсқалылығын, анықтығын, бұрмаланбауын және уақтылығын ақпаратты беретін цифрлық жүйелердің әкімшілері қамтамасыз етеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қордың филиалы Мемлекеттік корпорациядан, сондай-ақ, өтініш беруші портал, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері, проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде ЭІМ келіп түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде шешімнің жобасымен ЭІМ-ді қарайды және әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындаудан бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Қор филиалы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді, ал ЭІМ-да ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөмірі болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы жібереді.

Өтініш берушінің алдын ала шешімге қарсылығын оны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қордың филиалы қабылдайды.

Бұл ретте, егер белгіленген мерзімде өтініш беруші қарсылық білдірмесе және ауызша айтпаса, бұл алдын ала шешімге қарсылықтың болмауына тең болады.

Өтініш беруші алдын ала шешім бойынша қарсылық білдірген немесе ауызша айтқан жағдайда, Қор филиалы өтініш берушіге тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді.

Бұл ретте, ЦЖ - да ұялы телефон нөмірі болған кезде тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлама өтініш берушіге оның ұялы телефонына "Е-макет" АЦЖ-дан хабарламаларды Short Message Service (Шорт месседж сервис) (бұдан әрі – sms-хабарлама) беру арқылы жолданады, ал ол болмаған жағдайда - Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы өтініш беруші жеке хабарландырылады.

Өтініш берушінің ауызша нысанда берілген қарсылығы тыңдау хаттамасына енгізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Қор филиалы жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда Қордың филиалы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қор филиалдарының жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеруі мынадай негіздердің бірі болған кезде жүзеге асырылады:

әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық түспеуі;

міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомаларына сәйкес әлеуметтік аударымдардың төленген сомаларының қызметкердің кірісіне және (немесе) дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары басшыларының кірісіне сәйкес келмеуі;

құжаттардың және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

орналасқан жері мен қызметі әртүрлі өңірлерде (облыс/қала) тіркелген екі және одан да көп төлеушілерден бір кезең үшін әлеуметтік аударымдардың түсуі;

жүктілігі бойынша медициналық есепке қойылғанға дейін әлеуметтік аударымдардың болмауы.

Құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеру мақсатында Қор филиалы төрт жұмыс күні ішінде, оның ішінде ЦЖ арқылы мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, төлеушіге, бірыңғай төлем төлеушіге, өтініш берушіге сұрау салулар жібереді.

Бұл ретте, әлеуметтік аударымдар түскен кірістің дұрыстығын тексеру:

міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарды аудару туралы және олардың Қорға әлеуметтік аударымдар, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің" ЦЖ жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық мөлшеріне сәйкестігі туралы;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ЦЖ-дағы еңбек шарты туралы мәліметтермен расталады.

Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде өтініш берушіден растайтын құжатты (құжаттарды) сұрату жолымен дара кәсіпкерлерден, шаруа немесе фермер қожалықтарынан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан әлеуметтік аударымдар түскен табысты алу фактісін тексереді.

Растайтын құжаттарға мыналар жатады:

"Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ҰБ Басқармасының қаулысы) талаптарына сәйкес берілген жеке тұлғаның жалақы жобасы бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша айналымдары бар шоттан үзінді көшірме;

ҚР ҰБ Басқармасы қаулысының талаптарына сәйкес келетін дара кәсіпкердің, шаруа (фермер) қожалығы басшысының, жеке практикамен айналысатын адамдардың ақша қаражатының айналымы бар банктік шотынан үзінді көшірме, "Арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін арнаулы мобильді қосымшаны пайдалану қағидаларын және арнаулы мобильді қосымша чегінің мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қазандағы № 647 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37269 болып тіркелген) 2-қосымшаның талапталарына сәйкес арнайы мобильді қосымшаның чектері және (немесе) әлеуметтік төлемге құқық туындағанға дейін мемлекеттік кірістер органдарында тіркелген "Бақылау-касса машиналарын қолдануға байланысты кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 626 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37238 болып тіркелген) 1-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін бақылау-касса машинасының фискалдық белгісі бар чектер.

Ұсынылған растайтын құжаттар Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске сәйкес келуге тиіс;

"Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 2 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көзделген шығыс кассалық ордер және (немесе) қызметкердің жалақысын есептеудің төлем ведомосінің көшірмесі.

Бұл ретте, әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауда орын алған кідірістер және шешім қабылдау мерзімдерінің ұзартылуы туралы, бірақ ЭІМ тексеруге жіберілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге, өтініш берушіге Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жазбаша нысанда хабарлайды, ал портал арқылы жүгінген кезде өтініш берушіге"Е-макет" АЦЖ-мен осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау үшін құжаттарды тексеру туралы электрондық хабарлама ( бұдан әрі – құжаттарды тексеру туралы хабарлама) жіберу арқылы порталға өтініш берушінің "Жеке кабинетіне" хабарланады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордың филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарға тексеру жүргізу туралы хабарлама беру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Құжаттарды тексеру туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Бұл ретте Қор филиалының сұрау салуына мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, төлеушіден, бірыңғай төлемді төлеушілерден, өтініш берушілерден құжаттар және ( немесе) мәліметтер берілген кезде Қор филиалы оларды ЭІМ-не қосу үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді, ал мәліметтер мемлекеттік органдардың және ( немесе) ұйымдардың ЦЖ-і мен "Е-макет" АЦЖ интеграциялануы арқылы келіп түскен кезде олар ЭІМ-ге автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның қатысуынсыз тіркеледі.

Мемлекеттік корпорация ЭІМ-ні ұсынылған құжаттармен және (немесе) мәліметтермен олар Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмағанын анықтаған жағдайда, Қор филиалы артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын есепке алмай жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдер, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүзеге асырады және ЭІМ түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде төлеушіге және (немесе) бірыңғай төлемді төлеушіге осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтаруға жататын әлеуметтік аударымдардың кезеңдері мен сомасын көрсете отырып, артық ( қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруды жүзеге асыру мүмкіндігі туралы, оның ішінде ЦЖ арқылы, хабарлама жібереді;

әлеуметтік аударымдар, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдар жүргізілмегенін не толық көлемде жүргізілмегенін анықтаған жағдайда, Қор филиалы Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне берілетін осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің келісімі негізінде көрсетілген айларда (айда) нақты келіп түскен әлеуметтік аударымдар негізінде жүктілікке және босануға, баланы (

балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуді жүргізеді және ЭІМ түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде төлеушіге және (немесе) бірыңғай төлемді төлеушіге осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік аударымдардың кезеңдері мен сомасын көрсете отырып, жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген әлеуметтік аударымдарды төлеу қажеттігі туралы, оның ішінде ЦЖ арқылы, хабарлама жолдайды.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дағы мәліметтері бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әлеуметтік аударымдардың, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу жағдайы сақталса және дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар болып табылатын төлеушінің және (немесе) бірыңғай төлем төлеушінің қайтыс болу фактісі болса, немесе төлеушінің және (немесе) бірыңғай төлемді төлеушінің таратылу фактісі болған жағдайда, өтініш берушінің таңдауы бойынша Қор филиалы осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне берілетін өтініш берушінің келісімі негізінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмейтін айларды (айды) ескермей жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуді жүргізеді, не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Егер жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажеттігі анықталса, Қор филиалы ЭІМ-ді осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабардар ете отырып, Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне қайтарады.

Бұл ретте Қор филиалы:

талап етілетін құжаттың атауын;

жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін айқындау үшін есептеу кезеңінде кірістерді және (немесе) әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын растау қажет болған кезде – растауға қажет кезеңдерді (кезеңді);

жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін айқындау үшін есептеу

кезеңінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмеген, оның ішінде олар болмаған және ( немесе) оларды қайтару қажеттігі болған кезде – сәйкестендіруге қажет кезеңдерді ( кезеңді) көрсете отырып, қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарламаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі Қор филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдер, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

Құжаттарды жете ресімдеу туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарламаны алғаннан кейін өтініш берушіде сұрақтар болған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушімен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Проактивті қызмет, портал, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектісі арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер бойынша ЭІМ-ге қосымша құжаттарды ( мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қор филиалы "Е-макет" АЦЖ арқылы ЭІМ-ді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады, бұл ретте өтініш берушіге тиісті әлеуметтік төлемді тағайындау үшін құжаттарды жете ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонына sms-хабарлама, ал екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасына, порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" - осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған қосымша құжаттармен ЭІМ толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген кезде оның бөлімшесі өтініш берушіні Қор филиалы қабылдаған жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім туралы:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тапсыру арқылы;

ЦЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерге, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемге проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде Қор филиалының жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімі өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

Жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Өтініш беруші портал, екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектілері арқылы жүгінген кезде Қор филиалы қабылдаған шешімнің қорытындылары бойынша "Е-макет" АЦЖ-да электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама қалыптастырылады, Қор филиалы басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады және порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне", екінші деңгейдегі банктердің цифрландыру объектісінің мобильді қосымшасына жіберіледі.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. ЦЖ-да жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдер, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ЭІМ-де өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушы қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), қамқоршысының ауысқан, ата-ана құқықтарынан айырылған немесе олардан шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген кезде, тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері балаға мемлекеттің толық қамсыздандыруы белгіленген жағдайларды қоспағанда, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтімін жүзеге асыратын адамға әлеуметтік төлем Қор филиалының шешімі бойынша мынадай құжаттар негізінде жүргізіледі:

1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

2) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алушының қайтыс болуы туралы куәліктің (не портал арқылы алынған қайтыс болу туралы азаматтық хал актілерінің жазбаларынан мәліметтерді немесе қайтыс болу туралы хабарламаны қамтитын

анықтама), соттың хабарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялауы туралы, ата-ана құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу туралы шешімінің, соттың бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуі туралы үкімінің көшірмелері;

3) қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы бұйрық немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) немесе патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт немесе асырап алушы отбасына немесе отбасы үлгісіндегі балалар үйіне тәрбиелеуге беру туралы шарт.

Құжаттарды мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді.

Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін бір жарым жасқа толмаған бала қайтыс болғаннан кейін жүгінген кезде әлеуметтік төлем қайтыс болған айды қоса алғанда тағайындалады.

Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындаған кезде өздеріне қатысты ата-анасы ата-ана құқығынан айырылу немесе ата-ана құқығы шектелген, өлі туған балаларды қоспағанда, егер олар басқа ата-ананың отбасында есепке алынбаса, туған, асырап алынған өгей балалар қамқорлыққа (қорғаншылыққа) алынған балалар отбасы құрамында ескеріледі.";

55-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, сот актілері және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ақпарат уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ арқылы Мемлекеттік корпорацияға беріледі.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер, оның ішінде ЦЖ-дан алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай шығыс операциялары болмаған жағдайда. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

Осы мақсатта Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі:

екінші деңгейдегі банктермен, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдармен, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымдар) тоқсан сайын алушының банк шоты бойынша үш және одан да көп ай шығыс операцияларының болмау фактісіне салыстырып тексеруді жүргізеді;

салыстырып тексеру қорытындысы бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алушыны телефон арқылы және (немесе) ЦЖ-да ұялы

телефон нөмірі болған кезде оның ұялы телефонына sms-хабарлама беру арқылы, алушыны хабарлама алған айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жеке өтініш жасау қажеттігі туралы хабардар етеді;

егер алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, алушы хабардар етілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрады;

2) әлеуметтік төлемді алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем кері оралған алушыға:

кеткен елінде төлем алынбаған жағдайда – төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап;

кеткен елінде төлем алынған жағдайда – кеткен елінде төлем тоқтатылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қайта басталады;

3) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының сот бас бостандығынан айыру түрінде тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне осы төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі;

4) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

5) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушыға қатысты жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың ( балалардың) заңды өкіліне төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындаған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі;

6) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушы болып табылатын адамды соттың хабарсыз кетті деп тану туралы шешімінің күшін жою туралы сот актісінің күшіне енгенін растайтын құжаттың болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне не қорғаншы болып тағайындалған адамға төлем тоқтатылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қайта басталады;

7) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы туралы мәлімет.

Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады;

8) өтініш берушінің бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәлімет, оның ішінде құқық қорғау органдарынан және (немесе) өзге де арнаулы органдардан олардың іс жүргізуінде істердің (материалдардың) бар екендігі туралы мәліметтер келіп түскен кезде.

Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта қарау оны тағайындаған күннен бастап осы Қағидаларға 23 және 24-тармақтарда көзделген тәртіппен және мерзімде қайта қаралады.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Қор филиалы бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтата тұру (қайта бастау, тоқтату) туралы шешімді (бұдан әрі – шешім) осы Қағидалардың 56, 57-тармақтарында көзделген мәліметтер келіп түскен кезде тоқтата тұру туралы шешімді келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылдайды:

осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан Қор филиалына мәліметтер;

мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан және (немесе) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алушыдан тікелей Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне келіп түскен мәліметтер (құжаттар) негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылған осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтата тұру туралы шешімнің жобасы.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалының шешімі негізінде бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді жүзеге асыруды тоқтата тұрады.";

59-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем осы төлемді алу құқығы сақталған жағдайда, бала бір жарым жасқа толғанға дейін цифрлық жүйелерден алынған, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш бойынша қайта басталады.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Қор филиалы мыналар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылдайды:

1) мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың (балалардың) қайтыс болуы туралы мәліметтер. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем қайтыс болған айды қоса алғанда жүзеге асырылады;

2) мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан және (немесе) әлеуметтік төлемді алушыдан келіп түскен мәліметтер (құжаттар) негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылған Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен осы Қағидалардың 27-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім жобасының:

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген, бала асырап алу туралы шешім жарамсыз деп танылған немесе оның күші жойылған жағдайларда. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем бала асырап алу туралы шешім жарамсыз деп танылған немесе күші жойылған ай өткеннен кейін жүзеге асырылады;

алушының осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш беруіне байланысты тоқтатылады. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

алушының бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте әлеуметтік төлем ол тағайындалған күннен бастап тоқтатылады .";

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің артық есептелген ( төленген) сомаларын қайтару Мемлекеттік корпорацияның шотына Қорға аудару үшін:

алушының өтініші бойынша оның Мемлекеттік корпорацияның шотына ақша қаражатын аудару жолымен;

сот шешімі бойынша;

үшінші тұлғалардан ерікті түрде, әлеуметтік төлемді алушының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің артық есептелген ( төленген) сомалары Мемлекеттік корпорацияның шотына:

алушының өтініші бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалуға өтініш беру жолымен. Бұл ретте Мемлекеттік корпорация бөлімшесі осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалу туралы Қор филиалының шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді;

Қорға аудару үшін төлемдерді Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ-дан алынған алушының қайтыс болуы не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кетуі туралы мәліметтер) қоса бере отырып, әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі ұйымға ұсынылатын Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің хаты негізінде қайтару да жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік корпорация есепті айдан кейінгі айдың үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың шотына жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдердің және олардан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының қайтаруға жататын артық есептелген (төленген) сомаларын аударады.";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-ы олардың мақсатына сәйкес ЦЖ үздіксіз жұмыс істеуін және өзектілендірілуін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс-шараларды қамтамасыз етеді. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дұрыстығын, өзектілігін және уақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық өзара іс-қимыл ЭЦҚ қолдана отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Бірыңғай тасымалдау (ақпарат беру) ортасы арқылы жүзеге асырылады. Ақпарат алмасу кезінде ақпаратты қорғау мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған ақпарат беру ортасын пайдалану есебінен де, техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар есебінен де қамтамасыз етіледі.";

84-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-да тұрақты сақталады.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Қордың филиалдары мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ЦЖ-ға автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. "Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 270 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 32957 болып енгізілді) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және ( немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларында:

2-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" ведомстволық автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ҚР Еңбекмині АЦЖ) – зейнетақы мен әлеуметтік аударымдарды және төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру үшін процестерді автоматтандыру жөніндегі цифрлық жүйе;";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ведомстволық цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ҚР Қаржымині МКК ЦЖ) – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ішкі құжаттарымен реттелетін цифрлық жүйе;";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ҚР Еңбекмині АЦЖ-ға бірыңғай төлемді аударуды және бөлуді мемлекеттік корпорация Салық кодексінің 825-бабына сәйкес жүзеге асырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына жататындығын қоспағанда, Салық кодексінің 820-бабында көрсетілген тұлғалар санатына төлеушілердің тиесілігі туралы мәліметтер ҚР Қаржымині МКК ЦЖ-дан ҚР Еңбекмині АЦЖ-ға ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабына сәйкес төлеушілердің кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына тиесілігі туралы мәліметтер Ұлттық экономика министрлігінің кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінен Қазақстан Республикасының Еңбекмині АЦЖ-ға ұсынылады. Кәсіпкерлік субъектілері бойынша мәліметтерді жаңарту кезеңі ай сайын.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Бірыңғай төлем шеңберінде жеке табыс салығын бөлуді Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен алынатын мемлекеттік кіріс органдарының кодтары анықтамалығының мәліметтеріне сәйкес жүзеге асырады. Мемлекеттік кіріс органдары кодтарының анықтамалығын өзектендіру анықтамалықты ҚР Қаржымині МКК ЦЖ-дан ҚР Еңбекмині АЦЖ-ға жүктеу жолымен жүзеге асырылады.".

7. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды жүргізу

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 430 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 33537 болып енгізілді) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды жүргізу қағидаларында:

2-тармақта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) дерекқор – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әрбір қатысушысы (алушы ) бойынша деректерді қамтитын уәкілетті органның цифрлық жүйесі;";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" ведомстволық автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – әлеуметтік аударымдар мен төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру үшін процестерді автоматтандыру бойынша цифрлық жүйе;";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды және олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды Мемлекеттік корпорация уәкілетті органның цифрлық жүйесінде әрбір жеке тұлға бойынша жүргізеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар бойынша келіп түскен төлем тапсырмаларын цифрлық жүйеде өңдеу Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына әлеуметтік аударымдар сомалары түскен кезде жүзеге асырылады.";

Мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынған мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда төлеушіге әлеуметтік аударымдарды "Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің және әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32897 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық) белгіленген тәртіппен қайтару жүргізіледі.

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Әлеуметтік аударымдар сомасы түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорация міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімінен және цифрлық жүйелерден алынған:

1) жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН);

2) тегі, аты, әкесінің атын (ол болған жағдайда);

3) туған күнін;

4) келіп түскен күнін, жіберілген күнін, құжаттың нөмірін, күнін, төлемді тағайындау кодын (бұдан әрі – ТТК), жіберушінің атауын, жіберушінің ЖСН/ бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), алушының атауын, төлемнің жалпы сомасын, әлеуметтік аударымдар сомасын, мәртебесін, әлеуметтік аударымдар жүргізілетін кезеңді (жылы, айы, айлар) көрсете отырып, Бұйрықта белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және ( немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдардың төленген сомалары, сондай-ақ артық ( қате) төленген әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды қайтару туралы мәліметтерді қамтитын дербес мәліметтерді енгізеді.";

8. "Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларын және Орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыс туралы, сондай-ақ алушылар мен зейнетақы төлемдерінің мөлшерлері туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 485 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 33675 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларын және Орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыс туралы, сондай-ақ алушылар мен зейнетақы төлемдерінің мөлшерлері туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) автоматтандырылған цифрлық жүйе (бұдан әрі – АЦЖ) – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған цифрлық технологияларды, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары , міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқоры – МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ бойынша аударылған төлемдер бойынша "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – ЖТМДҚ) және "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" АЦЖ-дан қалыптастырылған мәліметтер;";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" АЦЖ (бұдан әрі – "ТӨҰ" АЦЖ) – МЗЖ, МКЗЖ бойынша төлемдерді қабылдауға, өңдеуге, қалыптастыруға арналған АЦЖ;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ОАО АЦЖ және БЖЗҚ өзара іс-қимыл туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасу жолымен ОАО, БЖЗҚ, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация алынған ақпаратты өздеріне берілген, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-еңбек, сондай-ақ цифрландыру және киберқауіпсіздік саласындағы заңнамада айқындалған өкілеттіктер шеңберінде өзара іс-қимыл және интеграциялау мақсатында пайдаланады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ аударылған жеке тұлғалардың дерекқоры МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ аударған жеке тұлғалар бойынша ЖТМДҚ және "ТӨҰ" АЦЖ мәліметтері негізінде қалыптастырылады және әрбір салымшы (алушы) бойынша:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні, жынысы, азаматтығы;

3) жеке басты куәландыратын құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, құжаттың берілген күні және оны берген орган;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі және берілген күнінің өзгергені туралы;

5) салымшының (алушының) деректемелері, азаматтығы, мәртебесінің өзгергені туралы деректерді қамтиды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "ТӨҰ" АЦЖ күн сайын жеке тұлғалардың МЗЖ, МКЗЖ бойынша жеке тұлғалардың дерекқорындағы дербес деректерін ЖТМДҚ-дағы мәліметтермен салыстырып тексеруді жүргізеді және айырмашылықтар анықталған кезде оларды ЖТМДҚ-дағы деректермен сәйкестікке келтіреді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік корпорацияға МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ төлеу бойынша агенттерден, " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 820-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардан, сондай-ақ Әлеуметтік Кодекстің 248-

бабының 2-тармағында көрсетілген жеке тұлғалардан МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ, өсімпұл түскен кезде "ТӨҰ" АЦЖ күн сайын жеке тұлғалардың дербес деректерін ЖТМДҚ-дағы мәліметтермен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Жеке тұлғалардың дербес деректері ЖТМДҚ деректерімен сәйкес келген кезде, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген, қолданыстағы жеке басты куәландыратын құжат (құжаттар) болуы, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басты куәландыратын қолданыстағы құжаты (құжаттары) жоқ салымшылар (алушылар) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарына қатысты болуы Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-ға агенттер аударған МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ, өсімпұлдар туралы мәліметтерді жібереді.

Жеке тұлғалардың дербес деректері ЖТМДҚ деректеріне сәйкес келмеген, оның ішінде салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген қолданыстағы құжаттар болмаған, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басты куәландыратын қолданыстағы құжаты (құжаттары) жоқ салымшылар (алушылар) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарына қатысы болмаған, қайтыс болуы ЖТМДҚ-дағы мәліметтерге сәйкес МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ, өсімпұл төленетін кезеңнен бұрын басталған салымшының (алушының) қайтыс болғаны туралы мәліметтер болған кезде Мемлекеттік корпорация қайтару себебін көрсете отырып, агентке МЗЖ, МКЗЖ, өсімпұл сомаларын "ТӨҰ" ЦЖ арқылы электрондық түрде қайтаруды жүзеге асырады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цирфлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 126) тармақшасына сәйкес әзірленді және орталық

атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы ақпарат алмасу тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) автоматтандырылған цифрлық жүйе (бұдан әрі – АЦЖ) – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған цифрлық технологияларды, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Келісім – ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында жасалатын орталық атқарушы орган мен БЖЗҚ-ның цирфлық жүйелерінің өзара іс-қимылы туралы келісім;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқоры – МЗЖ, МКЗЖ бойынша аударылған төлемдер бойынша "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – ЖТМДҚ) және "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" АЦЖ-дан қалыптастырылған мәліметтер;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ОАО, БЖЗҚ, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация алынған ақпаратты өздеріне берілген, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-еңбек, сондай-ақ цифрландыру және киберқауіпсіздік саласындағы заңнамада айқындалған өкілеттіктер шеңберінде өзара іс-қимыл және интеграциялау мақсатында пайдаланады.";

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу тәртібі";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ОАО АЦЖ мен БЖЗҚ арасында ақпарат алмасу Келісімнің негізінде жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. ОАО АЦЖ мен БЖЗҚ арасында алмасуға жататын ақпарат мынадай:

1) келіп түскен (қайтарылған) МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ және (немесе) өсімпұл сомасы туралы;

2) салымшылардың (алушылардың) дербес деректері өзгергені туралы;

3) МЗЖ (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомалары туралы және мемлекеттік кепілдік бойынша айырманы төлеуді есептеу кезінде қажетті,

БЖЗҚ-дан алушыға жүзеге асырылған алғашқы зейнетақы төлемінің күні туралы ( сұрау салу бойынша беріледі);

4) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін сақтандыру ұйымына және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударуды жүзеге асырғаннан кейінгі зейнетақы жинақтарының қалдықтары туралы және Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толғанға дейін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және ( немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін сақтандыру ұйымына, инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударған күннен бастап зейнетақы жинақтарының сомалары туралы;

5) мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған дерекқорынан салымшының ( алушының) мүгедектік тобын, мүгедектік белгіленген күні мен мерзімін растау туралы;

6) МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомалары, есепті күндерге есептелген инвестициялық кірістің сомасы туралы;

7) зейнетақы төлемдерінің және (немесе) БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударымдардың мөлшері туралы;

8) ОАО-ның салымшыларға (алушыларға) жәрдемақы тағайындау негіздері туралы (салымшыда (алушыда) зейнетақы төлемдеріне салық салу кезінде стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқық болған кезде);

9) Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толуына байланысты МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған және Мемлекеттік корпорацияда зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті тіркеген зейнетақы жинақтары бар зейнетақы төлемдерін алушылар туралы;

10) Кодекстің 220-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарға біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомалары туралы, Кодекстің 37-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы жинақтарының сомалары туралы;

11) Кодекстің 207-бабының 1-3-тармақтарында көрсетілген адамдардың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері туралы, сондай-ақ оларды тағайындау күніне белгіленген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері туралы;

12) алушының жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алушыларға, отставкадағы судьяларға тиесілігі туралы;

13) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында жүзеге асырылған, уәкілетті оператор қайтарған біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомалары туралы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылған зейнетақы жинақтарының сомалары туралы мәліметтерді қамтиды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ОАО мен БЖЗҚ АЦЖ арасында осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасында айқындалған мәліметтермен алмасу күнделікті негізде жүзеге асырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді беру ОАО АЦЖ-дан БЖЗҚ-ға Келісімге сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорына өзгерістер енгізілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

БЖЗҚ салымшының (алушының) дербес деректерінің өзгергені туралы мәліметтерді алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей БЖЗҚ АЦЖ-ға өзгерістер енгізеді.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға проактивті қызмет көрсету үшін жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін ОАО АЦЖ мен БЖЗҚ арасында Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтарын төлеу үшін өтініш жасамаған адамдар бойынша дерекқорға, көрсетілген адамдарда ОАО АЦЖ-да жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдері және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері болуына салыстыру жүргізеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы Қағидалардың 5-тармағының 3), 4), 6) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді ОАО АЦЖ-ға беруді БЖЗҚ әр тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і (он бесі) күнінен кешіктірмей Келісімде белгіленген форматта жүзеге асырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. БЖЗҚ осы Қағидалардың 5-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді ОАО АЦЖ-ға күн сайын Келісімде белгіленген нысанда береді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ОАО АЦЖ мен БЖЗҚ арасында осы Қағидалардың 5-тармағының 5), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларымен белгіленген мәліметтермен алмасу Келісімде белгіленген нысанда және мерзімдерде жүзеге асырылады.";

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Артық (қате) төленген
әлеуметтік аударымдарды
және (немесе) әлеуметтік
аударымдардың уақтылы және
(немесе) толық төленбегені үшін
өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге

асырудың қағидалары
мен жағдайларына
1-қосымша
Нысан

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"
акционерлік қоғамының басшысы
____________________________

**Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімнен ____________________________________________________________________

(төлеушінің немесе банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы

___________ жылғы № ________референс, ________ төлем тапсырмасымен, ____________ анықтамалық, ____________ төлемнің жалпы сомасы, ___________________ қайтарудың жалпы сомасы бойынша артық (қате) аударылған әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды сұраймын:

| Р/с № | ЖСН | Т.А.Ә. (әкесінің аты ол болған жағдайда) | Кезең үшін | Төленген сома (бір төлем тапсырмасы бойынша), теңге | Қайтарылатын сома, теңге | ТТК |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлға үшін әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе)өсімпұлдарды қайтару:

☐
иә

☐
жоқ

Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды

қайтаруды жүзеге асыру қағидалары мен жағдайларының 4-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, себебінен (бір себепті белгілеу):

бір кезең үшін бір сома қайталанып төленген;

қайтаруға тиіс, жаңадан қабылданған немесе жұмыстан босатылған жұмыскерлер авансnúmен алған табысқа артық есептелген;

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабының

1-тармағында көзделген жасқа толған адамдар болып табылатын қатысушылар үшін артық төленген;

төлемді тағайындау коды дұрыс көрсетілмеген;

төлем мерзімі дұрыс көрсетілмеген;

әлеуметтік аударымдардың сомалары дұрыс көрсетілмеген;

төлеушінің деректемелері дұрыс көрсетілмеген (төлеушілердің ЖСН/БСН қате болған жағдайда);

дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, шаруа немесе фермер қожалығының басшысы ретінде тіркелмеген жеке тұлға, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып табылмайтын, тұлға төлеген.

☐
Қосымша (артық (қате) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін төленген әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұлдар нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлға үшін жүргізіледі):

☐
нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғаның артық ( қате) төленген әлеуметтік аударымдарын және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруға келісім беру туралы өтініш.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

| № р/с | Құжаттың атауы | Құжаттағы парақтың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |

Ұсынылған деректердің анықтығын қамтамасыз етемін және ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Осы өтініште қамтылған дербес деректерді жинау және өңдеу "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылғанын растаймын.

Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтарудан бас тарту туралы sms-хабарлама арқылы, телефон байланысы арқылы хабарламаға келісім беремін.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қайтаруды келесі деректемелер бойынша жүргізуді сұраймын (деректемелер өзгерген кезде растайтын құжаттың көшірмесін қоса беру қажет екені хабарланды):

Төлеушінің атауы:________________________

Төлеушінің ЖСН/БСН:____________________

ЖСК:____________________________________

Төлеуші банктің БСК:_____________________

Төлеуші банктің атауы:____________________

Қолдары: Басшы ________________________________________________________

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

немесе Басшының электрондық-цифрлық қолтаңбасы ("электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініш үшін)

Бас бухгалтер ____________________________________________________________

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

немесе Бас бухгалтердің электрондық-цифрлық қолтаңбасы ("электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініш үшін)

немесе бас бухгалтер қарастырылмаған (астын сызу)

Заңды мекенжайы: ___________________,

Төлеушінің байланыс телефондары:

Телефон: ұялы +7 (____)__________________ жұмыс _____________,

E-mail ___________________________.

Толтырылған күні: 20 ____ жылғы "___" ___________

Мөр орны (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Артық (қате) төленген
әлеуметтік аударымдарды және
(немесе) әлеуметтік
аударымдардың уақтылы

және (немесе) толық төленбегені
үшін өсімпұлдарды қайтаруды
жүзеге асырудың қағидалары
мен жағдайларына
1-2-қосымша
Нысан

**"Цифрлық үкімет" порталының жеке кабинетінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруға келісім алуға хабарлама**

__________________________ артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың және [Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)] (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың болуы туралы Сізге хабарлаймыз, _______________________________

[Төлеушінің ЖСН/БСН] [төлеушінің атауы]

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығымен бекітілген Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асырудың қағидалары мен жағдайларына сәйкес _________________ _____________________ [төлеуші көрсеткен қайтару сомасы] мөлшерде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруға келісім беру сұралады.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес артық (қате) аударылған әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруды жүзеге асыру үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін: ____ (иә/жоқ).

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Артық (қате) төленген
әлеуметтік аударымдарды
және (немесе) әлеуметтік
аударымдардың уақтылы
және (немесе) толық төленбегені
үшін өсімпұлдарды қайтаруды
жүзеге асырудың қағидалары
мен жағдайларына
2-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі" | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор). |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) қағаз жеткізгіште – " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;<br>2) электрондық түрде – "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету түрі | Электрондық (ішінара цифрландырылған) / қағаз |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды қайтару туралы хабарлама не артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды қайтарудан дәлелді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) Қор – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен;<br>2) Мемлекеттік корпорация - өтініштерді Мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесі | корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, дүйсенбіден жұма күнін қоса алғанда сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі жүзеге асырылады.<br>3) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері портал арқылы өтініш берген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні іске асырылады. |
| | | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде немесе портал арқылы электрондық түрде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруды жүзеге асыру қағидалары мен жағдайларына ( бұдан әрі – Қағидалар) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.<br>Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:<br>1) Қағидалардың 3-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының еңбек қызметінің басталғанын/тоқтатылғанын растайтын құжаттың көшірмесі;<br>2) Қағидалардың 3-тармағы 1), 5) немесе 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша әлеуметтік аударымдарды және ( немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және ( немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару кезеңі үшін |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілген нысан бойынша шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияның көшірмелері (910.00-нысан) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19897 болып тіркелген) қоса беріледі.<br>Көрсетілген тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжат болмаған кезде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 637 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37255 болып тіркелген) бекітілген Салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотын жүргізу қағидаларына 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдары берген әлеуметтік төлемдер бойынша салық төлеушінің жеке шотынан үзінді-көшірме (бұдан әрі – Салық төлеушінің жеке шотынан үзінді көшірме) қоса беріледі;<br>3) осы Қағидалардың 3-тармағының 3), 4), 5), 6) немесе 7) тармақшаларда көрсетілген жағдайлар бойынша салық төлеушінің дербес шотынан үзінді көшірме;<br>Портал арқылы өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуды жүзеге асырады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының өтінішінде көрсетілген |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер (өтінішті қабылдамау) | әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар сомалары артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және ( немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдар Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 245-бабы 1-тармағының төртінші абзацына және 2-тармағының төртінші абзацына, 256-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Қорға міндетті түрде төленуге жатады;<br>2) Кодекстің 78-бабы 4-тармағына, 85-бабы 4-тармағына, 118-бабы 4-тармағына, 181-бабы 2-тармағына, 240-бабы 3-тармағына сәйкес әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде ескерілмеген әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын қоспағанда, әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ескерілген кезең үшін есептелген артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>4) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның |

| | | |
|---|---|---|
| | | негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;<br>7) артық (қате) төленген әлеумметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асыру үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмаған;<br>8) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, бала күтіміне әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін қабылданатын кезеңге келетін әлеуметтік аударымдар Қорға құқық пайда болған күннен және (немесе) оларды тағайындауға өтініш берілген күннен кейін келіп түскен, бірақ тиісті әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуде (айқындауда) ескерілмесе, қайтаруға жатпайды;<br>9) осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды қайтаруды жүзеге асыру үшін талап қою мерзімі өткен. |
| 10 | Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар және Мемлекеттік корпорация арқылы | Мемлекеттік қызмет қағаз түрінде немесе электрондық нысанда көрсетіледі.<br>Көрсетілетін қызметті алушының "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің – https://www.gov.kz/memleket/entities/ |

| | | |
|---|---|---|
| | | enbek. "Мемлекеттік қызметтер" бөлімі;<br>2) Мемлекеттік корпорация – https ://gov4c.kz/<br>3) Қор – https://gfss.kz/ |

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Артық (қате) төленген
әлеуметтік аударымдарды
және (немесе) әлеуметтік
аударымдардың уақтылы
және (немесе) толық
төленбегені үшін өсімпұлдарды
қайтаруды жүзеге асырудың
қағидалары мен жағдайларына
4-қосымша
Нысан

**"Цифрлық үкімет" веб-порталында электрондық өтініш пен құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама**

Сіздің өтінішіңіз № _________________ (электрондық өтініштің нөмірі) "Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару" мемлекеттік қызметін көрсетуге "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына қабылданды.

Өтініш мәртебесі: ____________________(тіркелген).

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Артық (қате) төленген
әлеуметтік аударымдарды
және (немесе) әлеуметтік
аударымдардың уақтылы
және (немесе) толық
төленбегені үшін өсімпұлдарды
қайтаруды жүзеге асырудың
қағидалары мен жағдайларына
5-қосымша
Нысан

**"Цифрлық үкімет" веб-порталында электрондық өтінішті қарау мәртебесі туралы хабарлама**

Сіздің өтінішіңіз № __________________ (электрондық өтініштің нөмірі) "Артық ( қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтару" мемлекеттік қызметін көрсетуге "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" акционерлік қоғамына қабылданды.

Өтініш мәртебесі:______________ (қарауда).

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Жұмысынан айырылу жағдайы
бойынша әлеуметтік төлемнің
мөлшерін есептеу (айқындау),
тағайындау, жүзеге асыру,
тоқтата тұру, қайта есептеу,
қайта бастау, тоқтату және оны
тағайындау(тағайындаудан
бас тарту) туралы шешімді қайта
қарау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Аудан коды ____________________
_______________________________
облысы (қаласы) бойынша
"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру
қоры" акционерлік қоғамының
филиалы

**"Цифрлық үкімет" веб-порталы, "Электрондық еңбек биржасы" порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектісі арқылы әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініш беруші туралы мәліметтер:
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН):
____________________________________________
Азамат _______________________________________________
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Туған күні: ______ жылғы "___" ____________
Маған ___________________________________

жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындауды сұраймын
Мемлекеттік органдарды растау:
Өтініш берушінің деректері:
Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _________________________

| | | |
|---|---|---|
| | | Банк деректемелері:<br>Банктің атауы _________________<br>_________________________<br>Банк шотының № ______________<br>_________________________<br>Шот түрі:<br>ағымдағы_____________________<br>_________________________<br>_____________________________<br>_________________________<br>_____________________________<br>_________________________<br>Екінші деңгейдегі банктің деректемелері (ЕДБ):<br>Банктің сәйкестендіру коды: ____<br>______________________<br>Жеке сәйкестендіру коды: ______<br>_______________<br>Бизнес сәйкестендіру номері: ____<br>______________________ |
| | | Электрондық ақшаның электрондық әмияны<br>____________________<br>Жүктеу |

Ұсынылған құжаттардың анықтығын қамтамасыз етемін және ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалуға келісім беремін (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз белгіленген адам толтырады).

Төлемді тағайындау, қайта бастау, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес менің дербес деректерімді үшінші тұлғаларға беру құқығымен өз міндеттемелерін орындауы үшін қажетті тұрақты негізде Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген кез келген тәсілмен менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, оның ішінде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыруға келісім беремін.

Мен өтініш берген сәтте келіп түскен әлеуметтік аударымдар бойынша жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау үшін орташа айлық кірісті

айқындауға келісім беремін, келіп түскен әлеуметтік аударымдар туралы хабарламамен таныстым.

Банк шотының иесі ретінде өзім туралы, екінші деңгейдегі банктердегі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның " Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық құрылымдық бөлімшелеріндегі банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 45-бабының 5 тармағына сәйкес құпия болып табылатын салық органдарынан жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті мәліметтерді алуға келісім беремін.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау (бас тарту) туралы шешім қабылдау туралы SMS-хабарлама жолымен телефон байланысы арқылы хабарламаға келісім беремін.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жұмысынан айырылуы жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу үшін жеке банк шотын немесе электрондық ақшаның электрондық әмиянын ашу мүмкіндігі, сондай-ақ осы шоттағы ақшаны, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмиянындағы электрондық ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жол берілмейтіндігі туралы хабардармын.

Төлеуші ұйымның байланыс телефоны, электрондық мекенжайы, орналасқан жері

___________________________________________________________________

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Үй телефоны __________________________________________________

ұялы телефоны _______________________________________________________

Өтініш беруші туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (ҚР Әділетмині) растайды

___________________________________________________________________

(ҚР Әділетмині электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ)

Өтініш берушінің банк деректемелерін ЕДБ растайды

___________________

(ЕДБ ЭЦҚ)

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

___________________________________________________________________

"Ұсынылған деректердің дұрыстығын растаймын" ЭЦҚ

___________________________________________________________________

Төленетін төлем мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер (тоқтата тұру, тоқтату), сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осындай өзгерістер туындаған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде хабарлау қажеттілігі туралы хабардармын.

ЭЦҚ ________________________________________
Өтінішке қол қойылған күні мен уақыты:
____ жылғы _____._____. ______ сағат________ минут______ секунд

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша
Жұмысынан айырылу жағдайы
бойынша әлеуметтік төлемнің
мөлшерін есептеу (айқындау),
тағайындау, жүзеге асыру,
тоқтата тұру, қайта есептеу,
қайта бастау, тоқтату және
оны тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта
қарау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2026 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

